

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ



International Taraz  
Innovative Institute  
named after Sherkhan Murtaza



# ITI ЖАРШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

№1 (56);  
қаңтар-ақпан-наурыз  
2024 жыл





International Taraz  
Innovative Institute  
named after Sherkhan Murtaza

## МАЗМҰНЫ

### ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ, ТЕХНОЛОГИЯ

<b>БАС РЕДАКТОР</b>	<b>СЕЙТБАЕВ Қ.Ж.</b>	
<b>Е.Б. Саурықов</b>	«Энтомология» пәнін оқытуда «Жәндіктердің морфологиялық құрылысы» тақырыбын оқу әдістемелік аспектілері	3
<b>Н.Ж. Мұслимов</b>	<b>СЕЙТБАЕВ Қ.Ж.</b>	
<b>М.А. Баяндин</b>	«Агрономия» білім беру бағдарламасы студенттеріне «Тұқымтану» пәнін оқытудың маңыздылығы	7
<b>М.Н. Сарыбеков</b>	<b>СЕЙТБАЕВ Қ.Ж.</b>	
	Көпжылдық құмай жүгері	9
	<b>МАЛИКТАЕВА П. М., НҰРБОЛДЫ Н. Қ.</b>	
	Дәндік концентраттың микрофлоралық құрамын сандық және сапалық тұрғыда анықтау	12
<b>РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА</b>	<b>КАРБОЗОВА И.А., МАЙКОН Н.Ж., КИМ Д.К.</b>	
<b>Л.С. Қожамжарова</b>	Основы фреймворка FLASK для написания web-страниц в PYTHON	18
<b>Г.М. Муханмедярова</b>	<b>ПАЙЫЗОВ Н.Қ., ЖОРАНОВА Н.Ж.</b>	
	Нейронды желілік технологияларды пайдаланатын web-беттер интерфейсінің иерархиялығын бағалаудың web-қолданбасын жобалау	20
<b>АЛҚА МҮШЕЛЕРІ</b>	<b>БИТЕНОВ М.Б., ИМАНБЕКОВА А.Н.</b>	
<b>А.Б. Абдуалы,</b>	Мобильді технологиялар. мобильді құрылғыларға арналған қолданбалы әдістерді дамыту	28
<b>Ж.Т. Сүлейменов,</b>	<b>ШИНЬШЕРОВА Ж.Б.</b>	
<b>А.С. Кадырова,</b>	Ақпараттық жүйені әзірлеу және жобалау	37
<b>Д.Ы. Нұрмұханбет,</b>	<b>ЭКОНОМИКА</b>	
<b>Г.Қ. Құлабекова,</b>	<b>С.Б. НАУРУЗКУЛОВА</b>	
<b>Н.П. Буюклиев</b>	Совершенствование деятельности коммерческих банков на основе финансовой стратегии	41
<b>(Болгария),</b>	<b>ЖУМАГУЛОВА Б.П.</b>	
<b>Қ. Бөлеев,</b>	Жеке тұлғалардың халықаралық құқық субъектілігін танудың халықаралық қылмыстық - құқықтық және геосаяси аспектілері	45
<b>Ж. Абдула,</b>	<b>С.Б. НАУРУЗКУЛОВА</b>	
<b>М.Н. Немербаев,</b>	Роль депозитной политики банка в формировании финансовой стратегии	50
<b>Қ.Ө. Тамабаева,</b>	<b>ЖУМАГУЛОВА Б.П.</b>	
<b>В.А. Арыстанғалиева,</b>	Кәмелетке толмағандарға қарсы жыныстық қатынасқа қол сұғылмаушылықтың криминологиялық сипаттамасы	54
<b>М.М. Молдахметов,</b>	<b>С.О. ТАНАТОВА, А.А. ОНЛАСИНОВА,</b>	
<b>А.С. Құрманбекова,</b>	<b>Е.К. КЕНЖЕБАЕВ</b>	
<b>А.Е. Ботабаева,</b>	Инициативы Казахстана в развитие «Зеленой экономики»	57
<b>М.Н. Нұрғабылов,</b>		
<b>Ж.А. Қуатбеков,</b>		
<b>Н. Асқарбекқызы</b>		
<b>А.Б. Шырақбаев</b>		
<b>М.Б. Онгарбаева</b>		
<b>Т.Ю. Аманов</b>		
<b>(Өзбекстан),</b>		
<b>А. Сарыбаев</b>		
<b>(Қырғызстан)</b>		
<b>А. Каплин</b>		
<b>(Ресей),</b>		

А.Р. Соколовский  
(Ресей)

## ПЕДАГОГИКА

- Журнал Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының құрылтайшылығымен қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде үш айда бір рет жарыққа шығады.
- Қазақстан Республикасы, Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігі, Ақпарат комитеті Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды қайта есепке қою туралы № KZ34VPY00065377 нөмірімен 24.02.2023 жылы берілген.
- АМИРОВА Л.Д., ДЖАКИПОВА А.Р.**  
Жоғарғы оқу орнындағы тәрбие жұмысы білімгердің танымдық қабілетін қалыптастыру факторларының бірі 63
- А.Д. КАСЫМОВА**  
Жылдамдықты арттыру әдістемесінің ерекшеліктері 65
- П.С. ДЖЕКЕНОВ, К.М. АЛИМБАЕВ**  
Оқытудың әртүрлі кезеңдеріндегі психофизикалық дайындыққа қойылатын талаптардың ерекшеліктері 68
- ТАНАЕВ Қ.Т., МУХАМЕДИЕВ Қ.Ж.**  
Ушу балаларға арналған, спорт түрі 72
- ## ТАРИХ
- МУСАБАЕВА Ж.Б.**  
Неліктен питекантроп адамдары Бөріқазған мен Тәңірқазған тұрақтарына қоныстанды? 75
- ## ФИЛОЛОГИЯ
- ТОБУГОВ М.Т.**  
Тіркесті күрделі Топонимдер 80
- БЕЛБОТАЕВ А.Б.**  
Өмірі өнеге болған азамат ғалым 85
- КАРИБАЕВА А.У.**  
ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТ: синтагматика, семантика, прагматика 89

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ, ТЕХНОЛОГИЯ****УДК:631****«Энтомология» пәнін оқытуда «Жәндіктердің морфологиялық құрылысы» тақырыбын оқу әдістемелік аспектілері**

**Сейтбаев Қ.Ж.**, а.-ш.ғ.к., <https://orcid.org/my-orcid?orcid=0000-0001-5692-0592>  
«Шерхан Мұртазы атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты» мекемесі,  
Тараз қаласы, Желтоқсан көшесі, 69б, Қазақстан Республикасы, [Kuandik\\_1960@mail.ru](mailto:Kuandik_1960@mail.ru)

**Аннотация:** Энтомология пәні – жәндіктерді, оның ішінде олардың мінез құлқын, анатомиясын, физиологиясын, және экологиясын зерттейтін ғылым. Энтомология жәндіктердің биологиясын, анатомиясын және экологиясын жетік білуді, сонымен қатар экология мен эволюция принциптерін түсінуді талап етеді. Энтомология жәндіктердің зиянкестері мен ауру таратқыштары туралы ақпарат береді, бұл өз кезегінде олардың таралуын бақылау және қоршаған ортаны жақсарту үшін пайдалануы мүмкін. Мақалада «Агрономия» білім беру бағдарламасы студенттеріне энтомология пәнін оқытуда дәріс сабағының технологиялық картасын құру әдістері қарастырылған.

**Түйін сөздер:** жәндіктер, экология, морфология, биология, оқыту әдістері.

**Резюме:** Энтомология — наука, изучающая насекомых, включая их поведение, анатомию, физиологию и экологию. Энтомология требует глубоких знаний биологии, анатомии и экологии насекомых, а также понимания принципов экологии и эволюции. Энтомология предоставляет информацию о насекомых-вредителях и переносчиках болезней, которую, в свою очередь, можно использовать для контроля их распространения и улучшения окружающей среды. В статье рассмотрены методы создания технологической карты лекционного занятия при преподавании предмета «Энтомология» студентам образовательной программы «Агрономия».

**Ключевые слова:** насекомые, экология, морфология, биология, методика обучения.

**Annotation:** Entomology is the science that studies insects, including their behavior, anatomy, physiology and ecology. Entomology requires a thorough knowledge of the biology, anatomy and ecology of insects, as well as an understanding of the principles of ecology and evolution. Entomology provides information about insect pests and disease vectors, which in turn can be used to control their spread and improve the environment. The article discusses methods for creating a technological map of a lecture lesson when teaching the subject “Entomology” to students of the educational program “Agronomy”.

**Key words:** insects, ecology, morphology, biology, teaching methods.

Қазіргі уақытта бүкіл әлемде энтомология көптеген оқу орындарының ғылыми және практикалық қызметінің маңызды бөлігін құрайды. Қазіргі биологияның қарқынды дамып келе жатқан саласы ретінде энтомология өзінің барлық теориялық және қолданбалы салаларында үлкен білім қорын жинақтады. Қазіргі энтомология пайдалы немесе зиянды жәндіктер түрлерін пайдалануды зерттеудің барлық теориялық және қолданбалы аспектілерін қамтиды және жәндіктер туралы білімінің тереңдеуі болып табылады. Энтомологияны терең меңгеру арқылы қазіргі биологияның барлық маңызды тарауларын меңгеруі ғана емес, сонымен бірге табиғатты адамзаттың қажеттіліктері үшін ұтымды пайдалану жолдарын табуға мүмкіндік туады.

Энтомологияның күрделі ғылым ретінде әр түрлі ғылыми жаңалықтары бар өзінің ұзақ мазмұнды және маңызды практикалық дағдылары бар пән болып табылады. Сондықтанда біздің қоршаған әлемде жәндіктердің алуан түрлілігін зерттеуге қызығушылықты аттырады.

Энтомология – жәндіктерді, оның ішінде олардың мінез құлқын, анатомиясын, физиологиясын, және экологиясын зерттейтін ғылым. Энтомология құмырсқадардан,

аралардан бастап қоңыздарға, шыбын шіркейлерге және инеліктерге дейінгі көптеген жәндіктерді зерттейтін биологиялық ғылымдардың бір түрі. Энтомология биология ғылымдарының негізгі пәндерінің бірі болып табылады және адам өмірінің ауыл шаруашылығы, медицина және орман шаруашылығы сияқты көптеген салаларында қолданылады.

Энтомология жәндіктердің биологиясын, анатомиясын және экологиясын жетік білуді, сонымен қатар экология мен эволюция принциптерін түсінуді талап етеді. Энтомология жәндіктердің зиянкестері мен ауру таратқыштары туралы ақпарат береді, бұл өз кезегінде олардың таралуын бақылау және қоршаған ортаны жақсарту үшін пайдалануы мүмкін.

Қазіргі уақытта оқытушының жетекшілігімен студенттердің белсенді өз бетінше әрекетін көздейтін оқу сабақтарын ұйымдастыру қажеттілігі артып келеді. Оқытылатын дағдылар логикалық ойлауды дамытуға, оқу іс әрекетіне ынтаға, өз бетінше шығармашылық ізденуге, кәсіби дағдыларды меңгеруге ықпал етеді. [1,2]

Студенттердің проблемаларды іздестіру және зерттеу, білімді шығармашылықпен алу және қолдану әдістеріне эвристикалық және зерттеу жатады. Эвристикалық әдісті жүзеге асыру процесінде материалдың, құрылымдық элементтердің, сұрақтардың реттілігінің, нұсқауларының, сұрақтарының, тапсырмаларының ұқсас конструкциясын пайдаланғанда, олар бағыттаушы функцияны орындайды және белсенді сипатта болады. Демек, эвристикалық әдістің мәні мынада: жаңа материалды меңгеру оқытушының күшімен емес, оқытушының басшылығымен және көмегімен студенттердің өздері жүзеге асырылады. Зерттеу әдісін қолданғанда, кезең соңында, студенттердің көпшілігі мәселені шешкеннен кейін сұрақтар қойылады. Сонымен, ізденіс және зерттеу әдістері проблемалық оқытудың нұсқалары болып табылады. Проблемалық оқытудың бірнеше деңгейлері бар, олардың ішінде ең жоғарысы шығармашылық белсенділік деңгейі болып табылады, онда студенттер өз бетімен жұмысты орындауға, оқу мәселесін шешудің жаңа әдісін ашуға, өз бетінше жалпылау мен ойлап табуға қабілетті болады. [3]

Зерттеудің әдіснамалық негіздері объект пен пәнді анықтау дағдыларын дамыту, мақсатта мен міндеттерді қалыптастыру, терминдер мен ұғымдарды нақтылау болып табылады. Оқытушылар студенттердің ғылыми зерттеу іс әрекетіне дағыдаландыру- өзекті мәселелерді тұжырамдау, ғылыми құндылық, зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызын анықтау қажет.

Бұл пән бойынша алған білімдері студенттерге энтомология пәнінің мақсатын, міндеттерін, маңызын және жәндіктердің биоалуантүрлілігін, оларды қорғаудың теориялық негіздерін, салаға қатысты мәселелері, оларды жоюдың негізгі бағыттары мен тұжырымдамаларын қалыптастырады

Студенттердің «Энтомология» пәнін меңгеруі үшін оқытудың озық және заманауи әдістерін қолданудың, осы процеске жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың маңызы зор.

Пәнді меңгеруде оқу әдістемелік құралдар, дәріс мәтіндері, интернет ақпараттары, үлестірмелі материалдар, каталогтар, әртүрлі тақырыптар бойынша материалдар, электронды материалдар және көрнекі құралдар пайдаланылады. [4,5]

Энтомология пәнін оқытуда сабақтың технологиялық картасы жасалынып, сабақтың мақсаты бойынша оқытушы мен студенттің бірлескен іс әрекетінің кезең кезеңімен сипатталады. Оқу әдістемелік кешенге кіріспе, білім беу технологиясының тұжырымдамалық негізі- әрбір тақырып бойынша дәріс және практикалық сабақтар оқу технологиясын құрайды.

Оқу әдістемелік кешеннің концептуалды негіздері бойынша қазіргі агрономия мәселелері ғылымының өзектілігі мен маңыздылығы, осы оқу пәнінің құрылымы, тұжырымдамалық идеялары, коммуникациялары, оқыту әдістерін таңдау негізіндегі ақпараттар мен құралдар беріледі, содан кейін жобаланған оқыту технологиялары көрсетіледі.

Қазіргі таңда оқытудың жаңа, замануи әдіс тәсілдері мен құралдарының оқу тәрбие үрдісіне еніп, тәжірибеде тиімді пайдаланып жатқаныны әлемдік тәжірибеден көруге болады.

Оқытушы білім алудың бірден бір көзі емес, студенттердің өзіндік жұмыс процесін ұйымдастырушы, кеңесші, басқарушы болуы керек. Дәл осы қағидалар білім беру технологиямын дамыту процесінде қолданылады.

### «Энтомология» пәні дәрісін оқыту технологиясы

Оқыту формасы мен түрі	Көрнекі материалдарға негізделген презентация дәрісі
Дәріс жоспары	1.Энтомология пәнінің мақсаты және міндеттері 2.Энтомологияның даму тарихы. 3.Жәндіктердің морфологиясы 4.Бастың құрылысы және оның қосындылары 5.Кеуде қуысының құрылысы. 6.Қанаттардың құрылысы мен түрлері. 7.Құрсақ қуысының құрылысы
Мақсаты	Ақпараттық лекция негізінде жәндіктер морфологиясы туралы жалпы, қажетті түсініктерді қалыптастыру
Педагогикалық міндеттер -Энтомологияның мақсаты мен міндеттері туралы жалпы мағлұмат беру. -энтомологияның даму тарихын түсіну. -жәндіктердің морфологиясы туралы жалпы мағлұмат беру. -жәндіктердің бас бөлігінің құрылысы және оның қосындылары туралы түсініктерін қалыптастыру. -жәндіктердің кеуде қуысының құрылысымен таныстыру және талдау. - жәндік қанаттарының құрылысымен және түрлерімен таныстыру. -Жәндіктердің құрсақ қуысының құрылысымен таныстыру.	Оқыту нәтижелері: -Энтомологияның мақсаты мен міндеттері туралы жалпы мағлұмат алады. -Энтомологияның даму тарихы туралы түсінік алады. -Жәндіктердің морфологиясымен толық танысады. -Жәндіктердің басының құрылысы және қосындылары туралы жан жақты түсінік алу. -Жәндіктер төс бөлігінің құрылысымен танысып, талдайды. -Жәндіктер қанаттары мен құрсақтарының құрылысы мен түрлері туралы мағлұмат алады.
Оқыту әдістері	Ақпараттық лекция, жылдам сауалнама, презентация және талдау
Оқыту нысаны	Топтық
Оқыту шарттары	Ақпараттық технологиялары бар арнай жабтықталған бөлме
Бақылау және бағалау	Ауызша бақылау, сұрақ жауап, тест сұрақтары

### Дәріс сабағының технологиялық картасы


Әрекет мазмұны	
Оқытушы	Студенттер
Тақырыптың атауы, оның мақсаты күтілетін нәтижелерді жеткізеді. Тренинг ақпараттық дәріс түрінде өтетінін хабарлайды.	Олар тыңдап қабылдайды.
1.Өңгімелесу түрінде оқушылардың	Сұрақтарға жауап береді

білімдерін белсендіру (Жылдам сұрақтар) 2.Белсендірілген білім, жалпы қорытындылар негізінде оқытуда шешілерін мәселемен таныстыру. 3.Энтомология пәнінің мақсаты, міндеттері және маңызы туралы түсінік қалыптастыру 4.Энтомологияның басқа салалармен байланысы. Оқушылардың кері байланысын ояту, ойлауға, талдауға бағыттау. 5.Жәндіктердің морфологиясын түсіну. Жәндіктердің бас кеуде, құрсақ бөліктері, түрлері, негізгі белгілері туралы мәлімет беру. 6.Энтомологияның мақсаты мен міндеттері, даму тарихы. Жәндіктердің морфологиясы туралы жалпы, қажетті түсініктерді талдау, қортындылау дағыдабыларын қалыптастыру.	Белсендірілген білім жалпылама қорытындылар негізінде оқытуда шешілетін мәселеге әкеледі. Ол энтомологияның мақсаты мен міндеттері туралы жалпы мәліметтерге ие болады. Энтомологияның даму тарихы туралы түсінік алу. Жәндіктердің морфологиясымен толық танысу. Жәндіктер басының құрылысын және оның қосындыларын жан жақты түсінеді. Жәндіктер кеуде бөлігінің құрылысымен танысып, оларды талдайды. Жәндіктер қанаттар мен құрсақтардың құрылысымен түрлері туралы мәлімет алады.
Дәрісті қорытындылау	Олар дәрісті қорытындайды
Пәнді пысықтау, кәсіптік қызметке қажетті мәліметтерді жинақтау	Олар тыңдап қабылдайды және жазып алады

Энтомология пәнін оқытуда әртүрлі әдістерді де қолданылады: тәжірибеге бағытталған іс әрекет әдістері, жаттығу әдістері, жазбаша жұмыс, ауызша оқыту әдістері: лекция, түсіндіру, әңгіме, оқу, диалог; бақылау әдісі: бақылауларды жазу, фото бейне түсіру; зерттеу әдістері: эксперименттер жүргізу, зертханалық сабақтар: проблемалық оқыту әдістері: материалды проблемалық баяндау, мәселенің ғылыми зерттеу тарихын талдау, осы мәселенің қайшылықтарын көрсету, проблемалық сұрақтарды қою, негізгі ұғымдарды, анықтамаларды, терминдерді түсіндіру, проблемалық жағдаяттарды құру, студенттердің мәселені өз бетінше құрастыруы, тұжырымдауы және шешуі. Оқытушы тәжірибелік тапсырмаларды орындау кезінде студенттердің материалды қабылдау процесіне қатысуы және белсенді шығармашылық нәтижеге жетуі керек.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Маркова Т.О., Репш Н.В. «Использования исследовательского метода в рамках курса «Энтомология» для студентов естественнонаучных факультетов высшей школы. Дальневосточный федеральный университет, г.Уссурский, Россия. Вестник Оренбургского государственного университета 2019 №1(219)
2. Ахмедов М.Х. Энтомология. Фанидан Уқув- Услужий мажмуа. Андижан, 2014. 214 б.
3. Егорова Е.А., Катыхева Е.Ю. Особенности организации энтомологических исследований в школе. студенческий электронный журнал «Стриж». № 4(45). 29 июля. 92-94 с.
4. Дунаев Е.А. Методы эколого- энтомологияческих исследований. М.: 1997.
5. Замотайлов А.В. Девяткин А.М. Курс лекций «Энтомология». Краснодар. КубГау. 2015.



## «Агрономия» білім беру бағдарламасы студенттеріне «Тұқымтану» пәнін оқытудың маңыздылығы

**Сейтбаев Қ.Ж.**, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент  
kuandik\_1960@mail.ru, <https://orcid.org/my-orcid?orcid=0000-0001-5692-0592>

**Аннотация:** Мақалада ауыл шаруашылығының бағыты, тұқымтану ғылымын дамыту мақсатында тұқымның сапасы жоғары болса, одан алынатын өнімде соғұрлым жақсырақ болады. Өсімдіктану ғылымының негізгі мақсаты- тұқымды егіп, оны көп рет жинап алы. Оның көбеюі, өсімдіктердің түрлеріне байланысты мәліметтер беріледі.

**Түйін сөздер:** тұқым, тұқымтану, шаруашылық және сорттық сипаттамалары, өсу күші, тұқым тазалығы.

**Резюме:** В статье рассмотрено направление сельского хозяйства с целью развития семеноводства: чем выше качество семян, тем лучше получается из них продукт. Основная цель науки о растениях — многократно посадить семя и собрать его урожай. Приведена информация о его росте и видах растений.

**Ключевые слова:** семена, семеноведение, хозяйственные и сортовые характеристики, сила роста, чистота семян.

**Annotation:** The article examines the direction of agriculture with the goal of developing seed production: the higher the quality of the seeds, the better the product obtained from them. The main goal of plant science is to repeatedly plant a seed and reap its harvest. Information about growth and types of plants is provided.

**Key words:** seeds, genetics, economic and varietal characteristics, growth strength, purity of seeds.

Ауыл шаруашылығы саласын дамытып, сапалы өнімді жетістіру үшін ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымының сапасын арттыру мамандардың алдында тұрған міндетердің бірі болса, өсімдік тұқымын егу, жоғары оқу орындарында студенттерге өсімдік тұқымын себуді үйрету оқытушылардың алдында тұрған міндеттердің бірі болып табылады. Тұқымның сапасы жоғары болса, өнім соғұрлым жақсы болады.

Тұқым болашақта өсімдік дамитын тірі ағза болып саналады. Сонымен, тұқым болашақ өсімдіктің биологиялық, шаруашылық және сорттық ерекшеліктерін бейнелейді. Егіншілік тарихында тұқымның сапалық көрсеткішіне үлкен мән берілген [1,2].

Тұқымның үш сапалық белгісі бар: тұқымның сапасы, яғни отырғызуға жарамдылығы, өну жылдамдығы, қуаттылығы, тазалығы; тұқымның тазалығы: тұқымның белгілі бір тазалығының болуы, оның тұқымның көбею және өнімділік сипаттамалары.

Тұқым мен сорт тазалығының сапа белгілерінен басқа 1000 тұқымның салмағы, көлемі, тығыздығы, тұқымның бірдей мөлшері де үлкен мәнге ие. Дәл осы дақылдардың тұқымын зерттеу үшін тұқымтану туралы пән бар. Тұқым туралы пән- тұқымның дамуы мен өсуін, сыртқы орта факторларына сұранысын, тұқымды сапалы өсіру технологиясын, тұқымды егіске дайындау әдістерін зерттейтін ғылым. Сонымен қатар тұқымның ерекшеліктерін анықтау әдістемесін меңгереді.

«Тұқымтану» пәні ғылым үшін қолданылатын тұқыммен айналысады және оның мақсаты тұқым сапасын жақсарту болып табылады. Оның ғылыми зерттеу әдісі ретінде тұқым сапасын анықтау әдісі бар.

Тұқым шаруашылығы ғылымының міндеті- жаңа сорттардың тұқымдарын көбейту жүйесін сақтау, оның тазалығын сақтау және шаруашылықтарды осындай тұқымдармен



қамтамасыз ету болып табылады. Өсімдіқшаруашылығы ғылымының басты мақсаты- тұқымды егіп одан жоғары өнім алу болып табылады.

Тұқымды жан жақты және терең зерттеудің маңыздылығы- тұқымның тыныштық кезеңінде әртүрлі қолайсыз жағдайларға төтеп беруі, өзінің өміршеңдігін жоғалтпауы, ұзақ уақыт бойы өміршеңдігін сақтауы, бір өсімдікке ұқсас өсімдіктердің көп болуы, өзі және барлық осы қасиеттерді тұқым қуалау негізінде алады. Тұқым өзінің дамуын аяқтап, аналық өсімдіктен қоректік заттардың қажетті қорын алғаннан кейін, одан бөлініп, өздігінен өсе басатайды. Жақсы дамыған, сау, күшті аналық өсімдік жоғары сапалы тұқымның шығуына негіз болады. Отырғызу үшін мәдени өсімдіктердің тұқымдары мен жемістері пайдаланылады. Кез келген өсімдік піскен кезде жеміс береді, тұқымдары қалыптасады.

Тұқымның сапасына себу уақыты да үлкен әсер етеді, әрбір дақылдың биологиялық ерекшеліктеріне байланысты өсімдіктің отырғызу мерзімін анықтау қажет. Оңтайлы уақытта отырғызған кезде тұқым сапасы жоғары болады, себетбі бұл кезеңде топырақтың температурасы мен ылғалдылығы жеткілікті болса өсімдік жақсы қалыптасады. Мұндай өсімдіктер аурулар мен зиянды жәндіктерге төзімді болып табылады.

Тұқымның өнуі үшін белгілі бір жағдайлар жеткілікті болуы керек, яғни ылғал, температура, топырақтың құнарлылығы. Тұқымның өнуі күрделі биологиялық процесс, тұқымдағы еріген қоректік заттар өркенге, содан кейін сабақтарға барып түседі. Бүршіктер сабақ түзілу кезеңінде тұқымдағы қорлық заттарды ғана емес, топырақтағы қоректік заттарды да пайдаланады. тұқымның ұзақ уақыт бойы өміршеңдігін жоғалтпауы өте маңызды. Тұқымның биологиялық және экономикалық өміршеңдігі бар. Биологиялық өміршеңділік ұзақ уақыт бойы өміршеңдігін жоғалтпау қасиеті, ал экономикалық тиімділік- селекция кезеңінде оңтайлы жағдайда шартты өнгіштік деңгейін жоғалтпауында. Тұқымның өміршеңдігі өсімдіктің ботаникалық түріне, өсіру жағдайына және тұқымның сақталуына байланысты.

Тұқымның өнуі үшін белгілі мөлшерде ылғал қажет. Өсімдіктердің түріне байланысты ылғалға қойылатын талаптар әртүрлі. Тұқым- тірі организм, оның негізгі тіршілік факторлары тыныс алу, химиялық құрамының өзгеруі және т.б. Тұқымның дамуы оны жинау, сақтау және тыныштық кезеңіндеде тоқтамайды.

Тұқым піскен кезде, оның өміршеңдігі мен өну жылдамдығы қалыпты жағдайға оралуы үшін жинаудан кейін белгілі бір кезеңнен, яғни тыныштық кезеңінен өтуі керек. Тыныштық кезеңінің ұзақтығы өсімдік түріне және оның сорттық ерекшеліктеріне, аналық өсімдіктегі тұқымның дамуы мен пісіп жетілуіне, тұқымдарды жиағаннан кейінгі сақтау жағдайына байланысты блады. Бұл кезеңде тұқым физиологиялық және биохимиялық процестерден өтеді, ол толығымен және өсу қасиетіне ие болады. Тұқымның піскен кезеңіндегі жағдайға байланысты тыныштық кезеңде әртүрлі. Бұл кезең төмен температурада және балғын болса, тұқымның тыныштық кезеңі ұзарады, дәнді дақылдарды жинау кезеңінде өнім көп болса, егінді күнге қыздыру желдету арқылы тыныштық кезеңі уақытын қысқартуға болады.

Тұқымның себуге жарамдылығы деп бір партиядан негізгі дақыл тұқымның өну қасиеті бар таза тұқымдарды айтады. Тұқымның сапасы мемлекеттік стандарт бойынша дәл осылай арнайы зертханаларда анықталады. Тұқымның сапасын анықтау үшін отырғызуға бөлінген тұқым партиядан орташа сынама алынады. Барлық қолданыстағы ережелерді сақау қажет.

Бірінші сынама тұқымның тазалығын, өну жылдамдығын және күшін, өміршеңдігін және 1000 тұқым салмағын анытау үшін қолданылады. Екінші тұқым үлгісінен тұқымның ылғалдылығы және сақтау зиянкестерінің зақымдануы анықталады. Үшінші тұқым сынамасы оның аурулармен зақымдалғанын анықтау үшін қолданылады.

Жоғары оқу орындарында «Агрономия» білім беру бағдарламасы студенттеріне тұқымтану пәнінен ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізудің практикалық маңызы зор.

Олар тұқымның морфологиясын, биологиялық көрсеткіштерін, физиологиялық қасиеттерін, өсімдіктерді өсіру агротехникасы сияқты ғылыми жұмыстарды жасай алады.

Агрономия білім беру бағдарламасы бойынша студентер бірінші және екінші курста жалпы білім беретін және жалпы кәсіптік пәндерді өтеді. Екінші курстан бастап студенттер тұқым шаруашылығы, тұқымтану, ауыл шаруашылық дақылдарының селекциясы және тұқымшаруашылығы пәндерін оқи бастайды. Үшінші курстан бастап студенттер алған білімдерін өндірістік практикада қолданады және құзыреттіліктерін бекітеді.


Тұқым шаруашылығы тұқымтану пәніне қарағанда ерекше емес, бірақ тұқым өсірушіні оқыту жалпы агрономды дайындаудан айтарлықтай ерекшеленеді. Студенттер тұқым шаруашылығы заңнамалық негіздерін, тұқымтану мәселелерін, егін жиаудан кейінгі тұқым өңдеу технологиясын және осы технологиямен байланысты механикаландырылған кешендерді, тұқымдық материалды жақсарту және көбейтудің биотехнологиялық әдістерін терең біліуімен ерекшеленуі керек.

Қазіргі кезде заманның тез динамикалық өзгерулері, соның ішінде селекция және тұқым шаруашылығы саласындағы арнайы білімге қатысты. Бұл әсіресе, тұқым шаруашылығының нормативтік құқықтық базасына және тұқымды сертификаттау мәселесіне қатысты мәселелерге қатысты ерекше байқалады.

Осы тұрғысынан Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының «Биология және ауылшаруашылық мамандықтар» кафедрасында «Агрономия» білім беру бағдарламасы бойынша оқу жоспарында «Тұқымдану», «Тұқым шаруашылығы» пәндері маман даярлаудың бірыңғай жүйесінде осы пәндер енгізілген.

#### Пайдаланылған әдебиетер:

- 1.Тарануха В.Г. Растениеводство.Горки БГСХА. 2017.-457 с.
- 2.Посевной и посадочный материал сельскохозяйственных культур. Кн.1. –Берлин. 2001, -312 с.
- 3.чупрова Л.В. проблема совершенствования образовательного процесса в вузе// педагогика: традиции и инновации: материалы международ.заоч. науч. Конф. Т.2.- челябинск, 2011.-С.100-102.



УДК:631

#### Көпжылдық құмай жүгері

Сейтбаев Қ.Ж., а.-ш.ғ.к., <https://orcid.org/my-orcid?orcid=0000-0001-5692-0592>

«Шерхан Мұртазы атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты» мекемесі, Тараз қаласы, Желтоқсан көшесі, 696, Қазақстан Республикасы, [Kuandik\\_1960@mail.ru](mailto:Kuandik_1960@mail.ru)

Аннотация: Еліміздің оңтүстік өңірінде кездесіп атырған судың өткір тапшылығы егін шаруашылығын аса қиындатып, суармалы жерлерді егістік айналымнан шығаруға және ауыл шаруашылығы өнімінің күрт төмендеуіне алып келмекте. Осыған орай, еліміздің оңтүстік аймақтарына экологиялық жағдайларға бейімделген құрғақшылыққа және тұзға төзімді дақыл

Кілт сөздер. Көпжылдық құмай, құрғақшылыққа төзімді, тұзға төзімді сорттар, мал азықтық дақылдар, жасыл масса.

Аннотация: Острая нехватка воды, возникшая в южном регионе страны, весьма затрудняет сельское хозяйство, приводит к выводу орошаемых земель из обработки и резкому снижению сельскохозяйственного производства. В связи с этим это засухо- и солеустойчивая культура, адаптированная к экологическим условиям южных регионов страны.

Ключевые слова. Сорго многолетнее, засухоустойчивые, солеустойчивые сорта, кормовые культуры, зеленая масса.

Abstract: The acute shortage of water that has arisen in the southern region of the country greatly complicates agriculture, leads to the withdrawal of irrigated lands from cultivation and a sharp decrease in agricultural production. In this regard, it is a drought- and salt-resistant crop, adapted to the environmental conditions of the southern regions of the country.

Keywords. Perennial sorghum, drought-resistant, salt-tolerant varieties, forage crops, green mass.mass.

Құмай дақылы орта азия елдерінде бұрыннан белгілі құрғақшылыққа төзімді және топырақтың тұздануына төзімді галофитті дақыл болып табылады. Бұл дақыл соңғы жылдары көптеген мемлекеттерде сұранысқа ие болып атыр. Халықты азық түлікпен және мал шаруашылығын құс шаруашылығын қажетті мөлшерде жем базасымен қамтамасыз етуде құмай дақылы маңызды.

Дәнді, қантты және шөптесін құмай дақылдары көрші елдерде соның ішінде Өзбекстан және Түркменстанның суармалы жерлерінде кеңінен қолданылса, шөптесін құмайдың бір түрі – көпжылдық құмай жаңа дақыл түрі болып табылады. Ғалымдар өткен ғасырдың елуінші жылдарынан бері судан шөбімен салыстырғанда көпжылдық құмайды іріктеп жақсарту және біржылдық пішендер алу үшін Кубань және орталық Азиялық ВИР тәжірибе станцияларында көпжылдық құмай зерттелген [1,2]

Шөпті құмай түріне бір жылдық және көп жылдық жабайы түрлері жатады.оның ішінде құмайдың екі түрі өсіріледі: судан шөбі (*S.sudanense*) және жер асты тамырсабақтары бар көп жылдық құмай (*S.aimum Paradi*). Бұл түрлердегі 10-60 см және одан да көп тереңдікке топыраққа еетін қысқа және қалың тамырлардың ыолуымен ерекшеленеді. Ол бірнеше жыл бойы бір жерде өсетін дақыл болғандықтан өсіруге перспективалы саналады. Сыртқы түрі бойынша ол судан шөбіне жақын, бірақ одан кеш пісетіндігімен және өсімдіктің күштілігімен, құрғақшылыққа жақсы төзімділігімен, топырақтың тұздылығы мен дәнінің төгілмеуімен сипатталады.

Көпжылдық құмай тамыры терең, ылғал сүйгіш, жылуды жақсы көретін, құнарлы, топырақты қажет етеді. ол құрғақ және тығыздалған топырақта нашар өседі. Ол құрғақ және тығыздалған топырақта нашар өседі. Көпжылдық құмай өсімдігінің тамыр жүйесікөлденең тамыр және тік тамыр болып өседі. Көлденең тамырлардан өсімдіктің жер үсті мүшелерінің қалыптасуына негіз болады, терең орналасқан вертикал тамырлардан өсімдікті топырақтың терең қабаттарынан қоректік заттармен және ылғалмен қамтамасыз етеді.

Топырақты өңдеу кезінде көлденең тамыр сабақтар механикалық әсерден үзіледі. Бұндай жағдайда әрбір тамыр сабақ регенерацияға және жаңа өсімдікті қалыптастыруға қабілетті болады. Аналық өсімдіктер қоректік заттардың көп мөлшерімен тығыз тамырлар жасайды. Құмайдың тік өсетін тамырлары 30 см немесе одан да көп тереңдікке өспейді. Жас тамырлардың регенерациясы жоғары болады. Тік тамырсабақтары көпжылдық құмайдың гүлдеуінің басында, сабағы мен жапырақтары жеткілікті дамыған кезде өсе бастайды. Топыраққа терең ену қабілетінің арқасында тік тамырлар қатты аязда да жақсы қыстап шығады және келесі жылы жаңа өркендер береді. Тамырсабақтың

жоғары өміршеңдігі қоректік заттардың көп болуына және тыныштықта жатқан бүршіктердің көбірек болуына байланысты. Өркендердің өсуі белгілі бір ретпен жүреді, алдымен топырақ бетіне жақын орналасқандар өсе бастайды. Көпжылдық құмайдың тік тамырсабақтарымен қоректік заттардың бұл үнемді жұмсалуды ұйықтап жатқан бүршіктердің жаңаруына әсер етіп, көпжылдық құмайдың жоғары өміршеңдігін анықтайды. Сабақтардан басқа тік тамырлар да бастапқы тамырсабақтарды құрайды, олар көлденең тамырлар сияқты жаңа өсімдіктерді береді.

Сабағы цилиндр тәрізді, жапырақты, тегіс, түкті емес, борпылдақ паренхимаға толы. Сабағының биіктігі 1,8-2,2 м, жуандығы 0,4-1,2 см, түйін аралық саны 6-9 см. Төменгі сабақ түйіні көлденең тамырсабақтың өсуімен, сабақтың жаңа өркендері өсетін біріншілік қопсытқыш буын пайда болады. Орташа алғанда бір өсімдікте өркен саны 35-60 болады. Өсімдіктердің негізгі бөлігі түптеуші буыннан өседі. Өскіндердің қалыптасуы бүкіл вегетациялық кезеңде байқалады. Жапырағы жапырақ тақтасынан тұрады. Бір сабағында 7-8 жапырақ болады, олардың салмағы өсімдіктің жалпы масасындағы 35-50 пайызын құрайды.

Гүлшоғыры көп масақшалы, пирамида тәрізді жұмыртқа тәрізді, ұзындығы 25-35 см болады.

Сабақтан төмен орналасқан гүлдері жұп болып орналасады. Жемісі дәнді, масақ тәрізді қабыршақты тығыз жабылған, жұмыртқа тәрізді, тегіс. Көпжылдық құмай дәнінің 10000 тұқымының салмағы 6-12 г. Көпжылдық құмай дақылдары бірінші жылы шамамен 750-800 ц/га, ал келесі жылдары 4-5 орымда 800-900 ц/га жасыл масса береді.

Құмай тропиктік көпжылдық шөптесін өсімдік тіршілігінің бірінші жылында жоңышқаның өнімділігінен бірнеше есе, одан кейінгі жылдары бір жарым есе жоғары өнім береді.

Оны маусымда 5-6 рет орып алуға болады. Қарақалпақсан ғалымдарының зерттеулері бойынша 2010-2014 жылдары 1200 гектар суармалы жерден көпжылдық құмайдың «Азамат» сортынан үш орымда 870-1060 ц/га жасыл масса өнімін алған [3,4]

Көпжылдық құмай өсірудің агротехникалық әдістері дәнді және қант құмайының агротехникасынан айырмашылығы жоқ.

Көпжылдық құмайдақылын топырақ температурасы 14-15 градус болғанда терендігі 3-4 см терендікте себіледі, тұқым шығымдылығы гектарына 2,5-3,0 кг.

5-6 жапырақ пайда болғаннан кейін 180-200 кг/га аммофоспен қоректендіреді. Өсімдіктер 7-8 жапырақ пайда болған кезде, қажетінше культивация жасалып тыңайтқыштар беріледі. Суару уақыты өсімдіктің даму фазалары мен анықталады. Суару нормасы топырақ жағдайына, су ұстау қабілетіне ауа райының қолайлы жағдайларына және құмайдың биологиялық ерекшеліктерін ескере отырып анықталады.

Көпжылдық құмай дақылы болашақта құрғақшылық пен тұзға төзімді аймақтарда азық түлікпен қамтамасыз етуде үлкен маңызға ие. Еліміздің көптеген жерлерінде топырақтың сортаңдануы әртүрлі, олар көптеген мал азықтық дақылдарды өсіруге жарамсыз және соның салдарынан жақсы өнім бермейді. Сондықтан мұндай топырақтарда оның құрылымын жақсарту, өсіру шығындарын үнемдеу және мал шаруашылығына қажетті жем ресурстарын алу қажеттігі туындайды.


### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Еденбаев Д., Азизов К.К., Бобоев Ф.Г., Элмуродов А.Б. Многолетнее сорго. X всероссийская конференция молодых ученых и специалистов, ВНИИМК, 2019 г. 62 Узбекистан, Ташкентская область, Загиатинский район Научно-опытная станция по селекции и семеноводству кукурузы. 2019.

2. Massino A.I., Edenbaev D., Khujanazarov T.M. et al. Comparative performance of corn, sorghum and pearl millet growing under saline soil and water environments in Aral Sea Basin. J. Arid Land Stud. 2015. – 25. – P. 269-272.

3. Toderich K., Khalikulov Z., Popova V. et al. Sorghum and Pearl Millet for Crop Diversification, Improved Crop-Livestock Productivity and Farmers' Livelihood in Central Asia. ICBA. – 2013. – p.

4. Бобоев Ф., Азизов К. «Изучение сортов сорго и африканского проса в летних посевах». Журнал Агро илм, Ташкент. – 2013. – №3(27). – С. 42-43.



**ЭОЖ 579:64**

### **ДЭНДІК КОНЦЕНТРАТТЫҢ МИКРОФЛОРАЛЫҚ ҚҰРАМЫН САНДЫҚ ЖӘНЕ САПАЛЫҚ ТҰРҒЫДА АНЫҚТАУ**

т.ғ.к., Маликтаева Пернекул Маликтайқызы  
магистр Нұрболды Нұрхия Қанағатқызы  
Шерхан Мұртаза атындағы  
Халықаралық Тараз инновациялық институты  
«Жаратылыстану» факультеті  
«Стандарттау және ветеринария» кафедрасы  
[Sakosh\\_78@mail.ru](mailto:Sakosh_78@mail.ru)

**Түйіндеме.** Жұмыста концентраттың микробиологиялық көрсеткіштері мен оларды сақтау кезіндегі өзгерістері мен дәндік концентраттың микрофлоралық құрамының сандық және сапалық тұрғыда анықтау мәліметтері келтірілген. Сақтау мерзіміне байланысты ұлттық сусын концентраттарының санитарлық-микробиологиялық көрсеткіштері келтірілген.

**Кілттік сөздер.** Сусын, микроағза, көрсеткіш, сапа, зерттеу, сақтау

### **КОЛИЧЕСТВЕННОЕ И КАЧЕСТВЕННОЕ ОПРЕДЕЛЕНИЕ СОСТАВА МИКРОФЛОРЫ ЗЛАКОВОГО КОНЦЕНТРАТА**

т.ғ.к., Маликтаева Пернекул Маликтайқызы  
магистр Нұрболды Нұрхия Қанағатқызы  
Международный Таразский  
инновационный институт имени Шерхана Муртазы  
Факультет «Естествознание»  
Кафедра «Стандартизация и ветеринария»  
[Sakosh\\_78@mail.ru](mailto:Sakosh_78@mail.ru)

**Аннотация.** В работе приведены данные количественного и качественного определения микробиологических показателей концентрата и изменений при их хранении и микрофлорного состава зернового концентрата. Приведены санитарно-микробиологические показатели национальных концентратов напитков в зависимости от срока хранения.

**Ключевые слова.** Напиток, микроорганизм, показатель, качество, исследование, хранение

Maliktayeva Pernekul Maliktaykyzy  
Nurboldy Nurhia Kanagatkyzy  
Sherkhan Murtaza International Taraz  
Innovation Institute  
Faculty of Natural Sciences,

Department of Standardization and Veterinary Medicine  
[Sakosh\\_78@mail.ru](mailto:Sakosh_78@mail.ru)

**Annotation.** The paper presents data on the quantitative and qualitative determination of microbiological parameters of the concentrate and changes during their storage and the microflora composition of the grain concentrate. The sanitary and microbiological indicators of national beverage concentrates, depending on the shelf life, are given.

**Keywords.** Beverage, microorganism, indicator, quality, research, storage

Ұзақ сақталатын өнімдердің санитарлы-эпидемиологиялық жағдайы мезофильді аэробты және факультативті анаэробты микроағзалардың жалпы саны мен бактериялардың сандық көрсеткіштерімен (мысалы, ішек таяқшасы) бағаланады. Сақтау кезіндегі олардың тұрақтылығын зерттеу үшін келесі дәндік концентрат түрлерінің үлгілері таңдап алынды: күріш, арпа, тары, жүгері. Үлгілердің бастапқы ылғалдылығы 75%, ауаның салыстырмалы ылғалдылығына қатысты 14% құрады.

Сақтау кезінде ай сайын өнімнің микробиологиялық жағдайы зерттеліп отырды. Микрофлораның барлығы Мишутсин Е.Н. және Трисвятский Л.А. әдістемесі бойынша Жамбыл облыстық ветеринарлық зертханасында анықталды. Концентраттардың микробиологиялық құрамын зерттеудің тәжірибелік нәтижелері 1 кестеде көрсетілген.

1 кесте көрініп тұрғандай, аталған концентраттардың микробиологиялық көрсеткіштері нормативтен аспайды, қайнатуды қажет етпейтін концентраттар үшін бұл көрсеткіш –  $5,0 \cdot 10^3$  құраса, ал көгеру саңырауқұлақтары үшін  $5,0 \cdot 10^1$  құрады.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері жүгері дәнінің концентраты жоғары микробиологиялық ластану деңгейімен ерекшеленетінін көрсетті (3050 м.е.), одан кейінгі орынды арпа жармасы концентраты (2030 м.е.) мен күріш концентраты (2010 м.е.) иеленеді. Ең төменгі микробиологиялық ластану көрсеткішіне тары жармасының концентраты ие.

Концентраттардың әртүрлі микробиологиялық ерекшеліктері жармалар өндірісінде қолданылатын әртүрлі технологиялық операциялармен түсіндіріледі (ГТӨ - дәнді қайнату, ісіну деңгейі және т.б.).

Мысалы, арпа жармасын өңдеу келесі операциялардан тұрады: дәндерді уату, шлифтеу және жармаларды полировкалау. Шлифтеу ЗШН машиналарында кезектесіп орындалатын үшретті өңдеу жұмысынан тұрады, соның нәтижесінде абразивті дискілер мен металл дискілерінің әсерінен дәннің жемісті қабаттары мен тұқым қабаттары, сонымен қатар, ішінара алейронды қабат жойылады. Полировка – ЗШН машинасында шлифтелген жарманың тауарлық сапасын ары қарай жақсарту жұмыстарының орындалуы [1].

Кесте 1 – Ұлттық сусын концентраттары үшін микробиологиялық бастапқы көрсеткіштер

Концентрат	1г өнімдегі микроағзалардың саны	
	Бактериялар	Саңырауқұлақтар
Жүгері дәнінде	3050	Анықталған жоқ
Арпа жармасында	2030	Анықталған жоқ
Күріш жармасында	2010	Анықталған жоқ
Тары жармасында	1170	Анықталған жоқ

Жүгері дәнінен жасалған концентратта ең жоғары микробиологиялық бактериялардың болуы, тұқымынан ажыратылмаған қабыршақтанған жүгері дәнін қолданумен түсіндіріледі. Дән қабығында көптеген микробтар болады, сонымен қатар, тұқым микроағзалар үшін жағымды орта болып табылады.

Дәнді өңдеуде гидротермиялық әдісті қолдану шығарылатын жарманың технологиялық қасиетін, тағамдық және тұтынушылық қасеттерді арттырып қана қоймай, сақтау кезіндегі тұрақтылығын да арттырады.

Тары жармасының ең төменгі микробиологиялық көрсеткіші белгілі бір жылулық өңдеуден өткізілуімен түсіндіріледі [2].

Концентраттарда көгерген саңырауқұлақтар анықталған жоқ. Бұл олардың клеткасына жоғары температураның әсерімен түсіндіріледі, себебі саңырауқұлақтардың көпшілігі мезофилдер болып табылады.

Көгерген саңырауқұлақтардың болуы және концентраттарда басқа да микроағзалардың ең төменгі мөлшері, ылғалдылықтың аталған өнімдер үшін тиімді даму ортасы болып табылмайтынын көрсетті. Жоғарыда көрсетілгендей, сақтау кезіндегі көгерудің көпшілігі дәндік өнімдердегі мезофилдердің болуына байланысты, олар жабық ортада ылғалдылық 80-90% болған жағдайда дамиды.

Ылғалды аз қажет ететін саңырауқұлақтар – ксерофилдер. Олар салыстырмалы ылғалдылық 70% және өнім ылғалдылығы 14-15% болғанда дами бастайды. Ксерифилдер қатарына *Aspergillus* текті саңырауқұлақтардың жекелеген өкілдері (*Asp. Aspergillus. restrictus*, *Asp. repens*, *Asp. amstelodomi* және т.б.) жатады. Сондықтан да, жасалынған концентраттардың ылғалдылығы 10-11% құрайды, ксерофил саңырауқұлақтарының даму шарты тәжірибелік тұрғыда анықталған жоқ [3].

#### Сақтау кезінде дәндік концентраттың микрофлоралық құрылымының өзгерісін зерттеу

Құрғақ концентраттың микробиологиялық жағдайы 0-4°C жоғары температурада және салыстырмалы ауа ылғалдылығы 75% жағдайда 1,2,3 және 4 ай сақтау кезінде зерттелді. Кесте 3.2 көрініп тұрғандай, концентраттардың жалпы микробиологиялық құрамы мүлдем өзгерген жоқ. 1 ай сақтағаннан кейін жүгері дәнінен алынған концентраттың құрамындағы микробиологиялық мөлшері 3042 құрады, 2 айдан кейін – 3062, 3 айдан кейін – 3080, 4 ай сақтағаннан кейін - 3097 құрады. Арпа жармасынан жасалынған концентраттың құрамындағы микроағзалар саны 1 ай сақтағаннан кейін – 2045, 2 айдан кейін – 2059, 3 ай сақтау мерзімінен кейін – 2075, 4 айдан кейін – 2089 құрады. Дәл осындай жағдай күріш жармасы мен тары жармасының концентраттарында байқалды [4].

Ұлттық сусын өндіруге арналған концентраттардың санитарлық-микробиологиялық көрсеткіштері кесте 3.3 келтірілген, олардан көрініп тұрғандай, 1 және 2 ай сақтау кезінде саңырауқұлақтардың пайда болуы байқалған жоқ. 3 және 4 ай сақтағаннан кейін көгертікші саңырауқұлақтардың бірлі-жарым түрлері пайда болды.

Кесте 2 – Ұлттық сусын концентраттарының микрофлоралық құрамының сандық өзгерісі

Концентрат	1 г өнімдегі микроағзалардың саны				
	Сақтау ұзақтығы, ай				
	Бастапқы үлгі	1	2	3	4
Күріш жармасы	2010	2015	2030	2070	2101
Арпа жармасы	2030	2045	2059	2075	2089
Тары жармасы	1170	1183	1191	1200	1296
Жүгері дәні	3050	3042	3062	3080	3097

Концентраттарды зерттеу кезінде микроскопиялық саңырауқұлақтардың келесі түрлері анықталды: *Aspergillus fumigatus*, *Alternaria*.

Бұл ксерофильді түрлер негізінен құрғақ концентраттардың субстраттарында дамиды. Жүгері дәні мен арпа жармасынан *Aspergillus fumigatus* саңырауқұлақтары, ал

тары жармасының концентраттарынан *Aspergillus fumigatus* саңырауқұлақтары анықталды.

Ағымдардың ең үлкен мөлшері жүгері дәні мен перловка жармасының концентраттарынан анықталды.

Кесте 2 көрініп тұрғандай, концентраттарды 4 ай сақтағаннан кейін, оларды 3 ай сақтағаннан кейін пайда болған саңырауқұлақтардың түрлері пайда болды. Олардың саны рұқсат етілген қалыптан асқан жоқ. Қайнатуды қажет етпейтін концентраттардағы көгерткіш саңырауқұлақтардың саны 1г өнімде  $5,0 \cdot 10^1$  аспауы керек.

Тәжірибе көрсеткендей, (1:10 қатынасында араластыру), 1г өнімдегі көгерткіш саңырауқұлақтардың саны жүгері дәні үшін –  $5,0 \cdot 10^1$ , перловка жармасының концентраты үшін –  $4,0 \cdot 10^1$ , тары жармасының концентраты үшін –  $2,0 \cdot 10^1$  мөлшерінен аспауы керек және сәйкес талапқа толық жауап беруі керек.

Жарма концентраттарындағы саңырауқұлақтардың даму мүмкіндігі тек қана шикізатты алдын-ала дайындау әдісіне байланысты емес (булау немесе булаусыз орындау). Көгерткіш саңырауқұлақтардың дамуына сақтау кезіндегі температура да әсер етеді.

Жарма концентраттарының органолептикалық көрсеткіштерінің өзгерісіне сақтау ұзақтығы әсер етеді. Концентраттардың сапалық көрсеткіштерін бағалау 1,2,3 және 4 айлық сақтау кезінде 10 балдық жүйе бойынша бағаланды.

Тәжірибелік зерттеулердің нәтижелері сақтау кезінде концентраттардың сапалық көрсеткіштерінің өзгермегенін көрсетті. Өнімнің сыртқы түрі, түсі мен консистенциясы бастапқы деңгейде болды.

Жарма концентраттарының сапасының төмендеуі қышқылдану кезінде орын алатын липид жүйесінің, глицеридтер құрылымының, май қышқылдарының, биологиялық белсенді заттардың бұзылуының нәтижесінде болады.

Өнімдердегі липидтердің қышқылдануы ақуыз және көмертегімен әрекеттесіп, әртүрлі тұрақтылықтағы қарсылыстар мен құрылымдар түзеді. Бұл заттар ережеге сәйкес, жарма концентраттарына жағымсыз, қышқыл дәм береді [5].

### **Құрғақ сүт өнімдері**

Құрғақ сүтті өнімдер сүтті өнімнен ылғалды алу арқылы дайындалады. Олар жақсы сақталады, тасымалдау ыңғайлы. Оларды көбіне таспалы немесе бүркеу арқылы алады.

Нормальді немесе майы алынған пастерленген сүтті вакуум аппаратта қоюлатып кептіреді. Таспалы кептіруде қоюланған сүтті жұқа етіп қыздырылған біліктің үстіне жаяды, нәтижесінде олар кебеді. Құрғақ сүтті суытып, уытады. Бұл әдісте көбінесе негізінен майсыз өнім қолданылады.

Бүркеу арқылы кептіруде алдын-ала дисктер көмегімен камерада  $150^{\circ}\text{C}$ -қа дейін қыздырылған ауамен кептіреді.

Бұл әдіс көбіне қолданыста, себебі өнімнің сапасы жоғары және жақсы ериді.

Сонымен бірге құрғақ тез еритін сусынды да өндіреді. Арнайы қондырғыда бүркеу кептіргіште суды қаныққан бумен ылғалдайды, бұл кезде сүт бөлшектері іріленеді. Бұл кезде тез еруге қабілетті болады.

Құрғақ сүттің құрамында (%): су – 4, ақуыз – 25,5, май – 25, лактоза – 39,4, тыңайтқыш заттар – 6. 100г құрғақ сүттің энергетикалық құндылығы 475ккал немесе 1987кДж.

Жоғары сортты сүттің түсі – ақ, жеңіл крем түстес, ал таспалы әдіспен алынған сүттің түсі – крем түстес болады. Бірінші сортта құрғақ сүттің күйіңкіреген кейбір бөлшектері жіберіледі.

Бөтен дәмдер мен иістер жіберілмейді. Бірінші сортты құрғақ, сүтті өнімдер қоғамдық пайдалануға жіберілмейді. Құрғақ сүтті өнімнің ылғалдылығы – 4-7%, қышқылдығы -  $21^{\circ}\text{T}$  (жоғары майлы кілегейде  $65^{\circ}\text{T}$ ), құрғақ кілегейде ылғалдылық -



42%. Құрғақ кілегейде 10% қант болу керек.

Дайын сусын алу үшін 40-45°C суда еріту керек. Құрғақ, сусымалы өнімді металл немесе қиыстырылған бактарда, кленкалы қорапта, қағаз қапшықтарда, салмағы 25-30кг фанерлі-штампты бөшкелерде буып түйеді.

Қышқыл сүт құрғақ өнімді 1-10°C температурада 3 ай сақтауға болады. Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы - 75% болуы тиіс.

Кесте 3 – 3 ай сақтағаннан кейін ұлттық сусын концентраттарының санитарлық-микробиологиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Зерттеу нысаеы			
	Концентраттар			
	Жүгері дәні	Перловка жармасы	Күріш жармасы	Тары жармасы
Саңырауқұлақтардың түрлері				
Микроскопиялық саңырауқұлақтар мен улану	Aspergillus fumigatus, Mucor	Aspergillus fumigatus, Mucor	Alternaria	Aspergillus fumigatus
Био сынамадағы үлгілердің зияны	Теріс.	Теріс.	Теріс.	Теріс.
Өсіп шыққан саңырауқұлақтар ағымының саны				
Aspergillus fumigatus	1	1	-	1
Mucor	1	1	-	-
Alternaria	-	-	1	-
Барлығы:	2	2	1	1

Концентраттардың органолептикалық көрсеткіштерінің ең төменгі өзгерісі күріш және перловка жармасында байқалды.

Бұл оның құрамында басқа жармалармен салыстырғанда липидтердің төмен болуымен түсіндіріледі.

Кесте 4 – Ұлттық сусын концентраттарының сақтау процесі кезіндегі органолептикалық көрсеткіштері

Сапалық көрсеткіштер	Сақтаудан кейінгі сапаны бағалау, баллдар (айлар)				
	0	1	2	3	4
Сыртқы түрі	8,86±0,07	8,85±0,05	8,79±0,04	8,68±0,03	8,63±0,06
Түсі	9,72±0,06	9,72±0,02	9,70±0,01	9,62±0,06	9,31±0,05
Иісі	9,65±0,03	9,63±0,04	9,60±0,05	9,37±0,08	9,05±0,07
Дәмі	9,42±0,07	9,42±0,07	9,39±0,02	9,36±0,05	8,41±0,03
Консистенциясы	8,93±0,01	8,92±0,02	8,91±0,06	8,77±0,03	8,52±0,02

Кесте 5 – 4 ай сақтағаннан кейін ұлттық сусын концентраттарының санитарлық-микробиологиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Зерттеу нысаны			
	Концентраттар			
	Жүгері дәні	Перловка жармасы	Күріш жармасы	Тары жармасы

Саңырауқұлақтардың түрлері				
Микроскопиялық саңырауқұлақтармен улану	Aspergillus fumigatus, Alternaria Mucor	Aspergillus fumigatus, Mucor	Aspergillus fumigatus, Alternaria	Aspergillus fumigatus
Биосынама бойынша үлгілердің зияны	теріс	теріс	теріс	теріс
Өсіп шыққан саңырауқұлақтар ағымының саны				
Aspergillus fumigatus	2	2	2	2
Mucor	2	2	-	-
Alternaria	1	-	1	-
Барлығы	5	4	3	2

Қорытынды. Сүт – табиғи, жоғары тамақтық өнім, онда барлық адам ағзасына қажетті заттар бар. Сүттің құрамында – ақуыз, майлар, көміртегілер, минералды тыңайтқыштар, дәрумендер жеңіл сіңетін түрде болады.

Қышқыл сүт өнімдер де барлық негізгі тамақтық, жақсы тепе-теңдіктегі жеңіл сіңетін және тұтыну сапасын қанағаттандыратын заттардан тұрады. Олар көміртегі қышқылын, сүтті қышқылын және т.б. дәмдік заттарды жинайды.

Осы өнімнің тірі микроағзаларі адамның ішінде орналасып, зиянды заттардың пайда болуына жол бермейді. Қышқыл сүт өнімдері қажетті диеталық қасиетке ие, көбі (қымыз, кефир т.б.) емдік қасиетке ие.

#### Қолданылған әдебиеттер


1 Мынбаева А.Б. Разработка технологии концентрата для национального кисломолочного напитка на основе зернового сырья: автореф...канд. техн. наук: 05.18.12 - Алматы, 2001. –19 с.

2 Байхожаева Б.У., Мынбаева А.Б., Спандияров Е. Разработка технологии получения сухого концентрата для кисломолочного напитка // Хранение и переработка сельскохозяйственной продукции. – 1999, № 1, - с.100-103.

3 Байхожаева Б.У., Мынбаева А.Б., Спандияров Е. Разработка сухого концентрата для национального напитка: тезисы докладов Республиканской научно-практической конференции «Состояние, проблемы и перспективы развития пищевых технологий в условиях реформирования экономики Казахстана ». - Алматы, АТУ, 1998, - с. 77-78.

4 Спандияров Е., Сапаралиев М.С. Линия для производства кисло-молочного напитка на основе зернового сырья: информ. листок. – Жамбыл: Жамбыл / ЦНТИ, 1993. - № 2. - 4 с.

5 Мельников Е.М., Панфилова С.Н., Ширин Ю.И. и др. Переработка зерна овса и кукурузы за рубежом: Экспресс – инф. серия «Муком.-круп. пром-ть». – М., ЦНИИТЭИ Минзага СССР, 1980. - Вып.12.



УДК 004.423

Основы фреймворка FLASK для написания web-страниц в PYTHON

Карбозова И.А., Майкон Н.Ж., Ким Д.К.  
Факультет «Естественные науки», кафедра «Информационно-коммуникационные технологии»,  
Международный Таразский инновационный институт имени Шерхана Муртазы

**Аннотация:** Данная статья охватывает тему создания веб-приложений с использованием Flask – популярного фреймворка на языке Python. В статье описывается процесс установки Flask и создания первого приложения, а также рассматривается механизм роутинга для связывания URL-адресов с функциями-обработчиками запросов. Статья предназначена для разработчиков, которые хотят овладеть основами работы с Flask и создать веб-приложения на языке Python.

**Ключевые слова:** Python, Flask, фреймворк, веб-приложение, роутинг, функции-обработчики

Flask – это легковесный фреймворк для разработки веб-приложений на языке программирования Python. Он обеспечивает минимальный набор инструментов и библиотек, необходимых для создания веб-приложений, но при этом обладает достаточной гибкостью для расширения и адаптации под конкретные потребности разработчика [2].

Flask не имеет определенного способа работы с базами данных, аутентификацией и другими аспектами, что позволяет разработчикам использовать любые сторонние библиотеки и решения для создания приложений. Такой подход делает Flask универсальным инструментом для разработки веб-приложений любого уровня сложности.

Функциональность Flask включает в себя следующие основные компоненты:

1. Роутинг и обработка запросов: Flask предоставляет удобный способ определения URL-адресов и связывания их с функциями, обрабатывающими запросы.

2. Шаблонизация: Flask использует библиотеку Jinja2 для генерации HTML-кода, что упрощает создание динамических веб-страниц.

3. Работа с формами: Flask позволяет легко обрабатывать отправленные пользователем данные через формы на веб-страницах.
Арнайы зерттеулер көрсеткендей 200метр қашықтыққа жүгіру барысында жылдамдықтың төмендеуі негізінен адым жиілігінің азайуынан болады. Бойлары орташа немесе аласа адамдардың адым жиіліктері көп болу салдарынан 200метр қашықтыққа жүгіру кезінде олар жылдам шаршайды. Спортшының 200 метрге жүгіруінің ерекшелігі, оған негізінен жарты жолды жүгіріп өткеннен соң жылдамдық күшін сақтауы қажет болады. Белгіленген қашықтықты еркін, қиналмай жүгіру жылдамдықты сақтауға көмектеседі.

Сонымен жүгіру жылдамдығын сақтауға қажетті төмендегідей жағдайлардың өзара байланысы анықталды:

-100 метр қашықтыққа жүгіру үшін алдымен сөреден жылдам шығу реакциясымен жылдамдықты тез алуы, бойының орташа немесе орташадан төмен болуы және аяқ адымының жылдам болуы қажеттілігі;

-200 метрге қашықтыққа жүгіру үшін алдымен сөреден жылдам шығу реакциясы, жылдамдықты тез алуымен қатар барлық қашықтық бойы жылдамдықты сақтау мүмкіндігі, бойының биік болуы және адымының кең болуы.

Жүгіру жылдамдығына жаттығушының бойындағы туа біткен мінезі ерекшелігінің де тікелей әсері болады. Лабароторлық жағдайда спринттік қашықтыққа жүгірушілердің жүйке жүйесіне күшейіп отыратын дыбыстың (40-120дб.) арасындағы әсерін зерттегенде төмендегідей жағдайлар анықталды:

1. 100метрге жүгіруде жоғары көрсеткіштері бар және сөреден шығуда жоғары жылдамдықтары бар спортшылар төмен (өтежоғарысезімталдық) жүйке жұмысы тобына жататындығы анықталды. Бұл спортшылардың жүйке жұмысының қозуы үнемі жоғары жағдайда болуы салдарынан олар сөреден жылдам шығады, қашықтықтың бастапқы кезеңінде жылдамдықты тез алады, бірақ сонымен қатар жылдамдық шыдамдылығын көпке сақтай алмайды.

2. 200 метрге жүгіруде жоғары көрсеткіштері бар, бірақ сөреден шығу жылдамдықтары жоғары еместердің жүйке жұмысы көрсеткіштері күшті (төменсезімталдық) топқа жататындықтары анықталды. Сондықтан олардың сөреден шығу жылдамдықтары төмен болғанымен, қашықтыққа жүгіруде жылдамдық, шыдамдылықтары жақсы болып келеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Теория и методика физического воспитания и спорта: Учебник / Под ред. Барчуков И.С.. - М.: КноРус, 2018. - 288 с.
2. Теория и методика физического воспитания детей младшего школьного возраста с практикумом: Учебник / Под ред. Торочкова Т.Ю.. - М.: Academia, 2019. - 192 с.
3. Теория и методика обучения базовым видам спорта: Гимнастика: учебник / Под ред. Крючек Е.С.. - М.: Academia, 2018. - 480 с.
4. Теория и методика гимнастики: Учебник / Под ред. Журавина М. - М.: Academia, 2016. - 208 с.
5. Боген, М.М. Физическое воспитание и спортивная тренировка: обучение двигательным действиям: Теория и методика / М.М. Боген. - М.: КД Либроком, 2019. - 226 с.



### **Оқытудың әртүрлі кезеңдеріндегі психофизикалық дайындыққа қойылатын талаптардың ерекшеліктері**

П.С. Джекенов— доцент, Қазақстан Республикасының құрметті спорт қайраткері, Ш. Муртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институт

К.М. Алимбаев – Ш. Муртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының оқытушысы, магистр

**Аннотация:** Бұл мақалада психофизикалық дайындық туралы түсініктер беріліп, студенттерді оқытудың әртүрлі кезеңдеріндегі психофизикалық дайындыққа қойылатын талаптардың ерекшеліктерін қарастырды.

**Кілт сөздер:** Психофизикалық дайындық, білім беру үдерісі, бейімделу кезеңі, эмоционалды фон, шаршау сезімі, гиподинамияға төзімділігі.

**Аннотация:** В данной статье даны представления о психофизической подготовке и рассмотрены особенности требований к психофизической подготовке студентов на разных этапах обучения.

**Ключевые слова:** психофизическая подготовка, образовательный процесс, период адаптации, эмоциональный фон, чувство усталости, устойчивость к гиподинамии

**Abstract:** This article gives an idea of psychophysical training and examines the specifics of the requirements for the psychophysical training of students at different stages of education.

**Keywords:** psychophysical training, educational process, period of adaptation, emotional background, feeling of fatigue, resistance to physical inactivity

Н.И. Пономаревтің пікірінше, кәсіби психофизикалық дайындық (кәсіби денсаулық) - бұл кәсіби қызметтегі қажетті жұмыс қабілеттілігі, сыртқы орта мен өндіріс саласының өзгеретін жағдайларына үнемі бейімделу үшін дененің қажетті физикалық және функционалдық мүмкіндіктері. Психикалық және физикалық күштерді толығымен қалпына келтіру, өндірістік қызметтің белгілі бір жағдайларында денсаулықты сақтау қабілеті жоғарғы оқу орындардағы дене шынықтыру сабақтарында алынған білімдер мен құзыреттерге байланысты. Еңбек процесінде алға қойылған мақсатқа жетуде жоғары мотивация мен оңтайландыруды қамтамасыз ету адамның психофизикалық және интеллектуалдық қабілеттеріне оның психофизикалық дайындығы деңгейінде негізделеді. Психофизикалық дайындық-бұл белгілі бір қызмет үшін басым психикалық және физикалық қасиеттердің даму деңгейімен сипатталатын сапалы нәтиже, сонымен қатар белгілі бір қызмет түріне психофизикалық дайындықтың нәтижесі.

Психофизикалық дайындық-бұл болашақ бакалаврдың немесе маманның табысты кәсіби қызметке психофизикалық дайындығының нәтижесі.

Білім беру үдерісі жағдайында студенттерде келесі психофизикалық дайындығын құру қажет:

- білімді, дағдыларды игерудегі жоғары тиімділікке және жоғары оқу орнындағы білім берудегі құзыреттіліктер;
- жеке дамудағы жетістіктерге;
- дене шынықтыру және спорт құралдарын коммуникативтік байланыстар орнату мақсатпен пайдалануға;
- денсаулықты нығайтуға, сақтауға және көтеруге дене шынықтыру және спорт құралдарын тиімді пайдалану.

Қазіргі өндіріс процесінде қызмет құрылымы өзгереді, физикалық қасиеттерді, күшті, төзімділікті, жылдамдық пен ептілікті басым қолдана отырып, еңбек қызметінің әртүрлі формалары мен түрлерін қолдану азаяды. Жоғарғы оқу орындардағы оқу процесінде аталған қасиеттердің қалыптасуы дене шынықтырудың құрамдас бөлігі болып табылатын кәсіби қолданбалы дайындықтың қажеттілігіне байланысты.

Кәсіби қолданбалы дене шынықтыруды жоспарлау және жүзеге асыру кезінде, әдетте, болашақ маманға оның жұмыс ерекшелігіне сәйкес қажетті психофизикалық қасиеттерді дамытуға баса назар аударылады. Алайда, оқудың өзі дененің негізгі

функционалды жүйелеріне үлкен жүктемелермен жоғары қарқындылықтағы еңбек екенін ескеру қажет. Осыған байланысты бұрынғы мектеп оқушыларының жоғары мектептегі оқыту жүйесіне, жаңа ұжымға бейімделу кезеңі ерекше қиын. ЖОО-да оқуды бастауға тән жағымды эмоционалды көңіл-күй жоғары жұмыс қабілеттілігін сақтауға, бітіру және түсу емтихандарын тапсырудың шиеленісті кезеңдерінен туындаған нақты шаршауға қарамастан, шаршау сезімінің болмауына ықпал етеді. Бұл ұзаққа созылған эмоционалды фон біртіндеп оқуда қиындықтар, сәтсіздіктер, қақтығыстар туындаған кезде эмоционалды шиеленіспен ауыстырылады. Барлық студенттер өз уақыттарын дұрыс бөле алмайды, күннің ұтымды режимін дамыта алмайды. Көптеген студенттер өз бетінше оқу жұмысын кешіктіреді, бұл ұйқы режимінің бұзылуына, оның ұзақтығының жеткіліксіздігіне әкеледі. Шаршау күшейе бастайды, шаршау сезімі пайда болады, өнімділік төмендейді, ауру қаупі артады.

Тәжірибе көрсеткендей, ауа-райының өзгеруіне қарамастан, қазан айының аяғы мен қараша айының басында ауруларға байланысты сабақтарды өткізіп жіберу саны артады. Оқу жоспарларын талдау көрсеткендей, оқу материалының күрделілігі, жаңа оқу пәндерінің саны семестрден семестрге дейін артады, ал ең қиын семестр-үшінші болып саналады. Бұған студенттердің академиялық үлгерімі мен оқудан шығу динамикасы дәлел бола алады. Адамның физикалық және психикалық өнімділігі, өзгертін жағдайларға тезірек бейімделу мүмкіндігі оның физикалық дайындық деңгейіне байланысты. Осыған байланысты, алғашқы үш семестрде дене тәрбиесінің ең маңызды міндеттері дененің барлық жүйелерінің функционалды жағдайын тиісті деңгейде ұстау, шамадан тыс жұмыспен онымен байланысты аурулардың алдын алу, дене шынықтыру мен спорт құралдарын мақсатты пайдалану арқылы жоғары өнімділікті сақтау болып саналуы керек. Бұл міндеттер барлық дене шынықтырудың да, кәсіби қолданбалы дене шынықтырудың да ұйымдастырылуы мен мазмұнын анықтайды. Негізгі назар жан-жақты жалпы дене шынықтыру деңгейін арттыруға, жалпы және статистикалық төзімділік, эмоционалды тұрақтылық, зейіннің тұрақтылығы сияқты қасиеттерді дамытуға ықпал ететін жаттығулар мен спорт түрлеріне аударылуы керек. 4-7 семестрде кәсіби қолданбалы дене шынықтыруға баса назар кәсіби қажетті қасиеттерді дамытуға, өндірістегі болашақ жұмысқа дайындалуға аударылуы мүмкін. Табиғи еңбекке бейімделу-бұл организмде белгілі бір тұрақты өзгерістердің жинақталуымен байланысты ұзақ процесс.

Кәсіби қолданбалы физикалық дайындық белгілі бір еңбек түріне бейімделудің табиғи бағытына ықпал ететін құралдар мен әдістерді таңдау арқылы осы мәселені шешуді жеделдетуге мүмкіндік береді. Тиісінше, теориялық және практикалық сабақтардың мазмұны өзгереді. Осы кезеңде сабақтарды даралау болашақ маман мамандықтарының ерекшеліктеріне сәйкес жүзеге асырылуы керек. Интеграцияланған оқыту жүйесінің өзегі болып табылатын инженерлік-өндірістік даярлау жүйесі студенттердің маман бейініне сәйкес белгілі бір жұмыс орындарында жұмыс істеуін және оқу процесінің кестесіне сәйкес лауазымдар бойынша ауысуын көздейді. Қолданыстағы оқу жоспарлары жұмыс лауазымдарында 8 және 9 семестр, инженерлік - техникалық лауазымдарда 10 семестр бойы жұмыс істеуді көздейді. Әр түрлі профильдегі болашақ мамандардың еңбек жағдайларына сипаттама беріліп, негізгі кәсіби және қажетті психофизикалық қасиеттер тұжырымдалды. Инженерлік-техникалық лауазымдарға ауысу еңбек сипаты мен жағдайларының өзгеруіне әкеледі, сондықтан кәсіби қолданбалы дене шынықтыру инженерлік еңбекке тән қасиеттерді дамытуға қайта бағытталуы керек. Инженерлік-техникалық лауазымдарға ауысу көптеген жағдайларда қозғалыс белсенділігінің төмендеуімен, мәжбүрлі отыру немесе тұру күйінде ұзақ тұрумен байланысты. Қозғалыс белсенділігінің төмендеуі кәсіби өнімділікті нашарлатады, дененің өмірлік функциялары мен жүйелеріне теріс әсер етеді. Осыған байланысты маманның ұзақ мерзімді гиподинамия жағдайында жоғары өнімділікті сақтау қабілетіне, отырықшы жұмыс кезінде ең көп кернеуді сезінетін дененің, арқа бұлшықеттерінің статистикалық төзімділігін дамытуға тәрбиелеу маңызды болып табылады. Кез-келген инженердің кәсіби

қызметінде жұмыс орындарына қарағанда кішігірім заттарды, құралдарды, басқару элементтерін манипуляциялауға байланысты операциялар жиі кездеседі, бұл кішігірім күш кернеулерін мөлшерлеу, жылдам, дәл және үнемді қозғалыстарды орындау, ептілік пен қол мен саусақтардың қозғалысын үйлестіруді қажет етеді. Бұл қасиеттер көптеген инженерлік мамандықтардың мамандарына қажет. Сонымен қатар, олардың дамуының өзектілігі ғылыми-техникалық прогресс жағдайында артады.


Инженердің қызметінде психикалық қасиеттер маңызды рөл атқарады. Оған, мысалы, бірнеше объектілерді бір уақытта қабылдау (назар аудару), бірнеше әрекеттерді орындау (зейінді бөлу), зейінді бір объектіден екіншісіне тез ауыстыру (зейінді ауыстыру), бір объектіге назар аудару (зейінді шоғырландыру), қажетті зейін қарқындылығын ұзақ уақыт ұстау қабілеті сияқты қасиеттер қажет. Инженердің жұмысы, жұмысшының жұмысынан айырмашылығы, көбінесе қабылданған шешімдер үшін үлкен жауапкершілікке байланысты эмоционалды шиеленіспен (стресспен) жүреді. Осыған байланысты инженер үшін ерекше маңызды қасиет-эмоционалды тұрақтылық, яғни әртүрлі стресстік жағдайларда өзіне жағымсыз салдарсыз жоғары өнімділікті сақтау мүмкіндігі. Аталған талаптар инженерлік қызметке қойылатын жалпы талаптарға жатады. Сонымен қатар, әртүрлі мамандықтар мен әртүрлі қызмет түрлерімен айналысатын инженерлерге нақты талаптар қойылады. Бұл талаптар мамандыққа қарағанда инженерлік жұмыстың сипатына көбірек байланысты.

Сонымен, конструкторлық бюродағы инженердің жұмысы мамандыққа байланысты емес белгілі бір жағдайлармен сипатталады. Инженерлік қызметтің басқа түрлері туралы да айтуға болады. Мысалы, инженер-механик әртүрлі функцияларды орындай алады: механикалық өңдеу мен құрастырудың технологиялық процестерін әзірлеу және зерттеу, металл кесетін жабдықты жобалау және пайдалану. Машина жасау зауыттарында шебер, технолог, ауысым бастығы, цех механигі, бақылау шебері лауазымдарында жұмыс істеу байқауды, назар аударуды, ұйымдастырушылық және педагогикалық қабілеттер мен дағдыларды, үлкен берілгендікті, жігерлілікті, байланыстылықты, адамдармен тіл табыса білуді талап етеді. Физикалық және психикалық дайындыққа байланысты нақты талаптар инженер-конструктор, инженер-зерттеуші лауазымдарында жобалау-конструкторлық бюроларда, зауыт зертханаларында, мамандандырылған технологиялық және конструкторлық ұйымдарда жұмыс істейтін мамандарға қойылады.

Бұл мамандар көптеген сағаттарды кулман, станокта өткізеді, жұқа құралдармен, сурет салу құралдарымен жұмыс істейді. Мұның бәрі олардан көру өткірлігін, көздің дәлдігін, жақсы есту қабілетін, жоғары тактильді және кинестетикалық сезімталдықты талап етеді. Сондай-ақ қол бұлшықеттерінің үлкен жалпы төзімділігі, гиподинамияға төзімділігі, дененің, арқа бұлшықеттерінің статистикалық төзімділігі, қол қозғалысының жоғары үйлестірілуі мен дәлдігі, жылдам және дәл бақылау реакциясы, жақсы дамыған кеңістіктік қиял, пішін сезімі, жылдамдық, зейінді шоғырландыру мүмкіндігі қажет.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ж.Л. Садықова, М.Ш. Тұяқбаева, Е.К. Уанбаев Дене тәрбиесі және спорттың ілімі мен әдістемесі – Алматы: Санат, 2012
2. Уанбаев Е.К., Уанбаева Ф.Ж. Дене тәрбиесі және спорттың теориясы мен әдістемесі. - Өскемен: ШҚМУ баспасы, 2006. – 270 б.
3. Виленский М. Я., Горшков А. Г. Физическая культура. Учебник. М.: КноРус, 2020. 216 с
4. Физическая культура студента: Учебник / Под. ред. В.И. Ильинича. М.: Гардарики, 2000. 448 с.





ӘОЖ 796.013.567

**Ушу балаларға арналған, спорт түрі**

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз Инновациалық  
Институтының Дене шынықтыру және спорт кафедрасының аға оқытушы  
магистрі Танаев Қонысжан Төлебаевич  
Алматы облысы Кеген ауданы Тұйық орта мектебінің мұғалімі Мухамедиев  
Құдайберген Жуманович сарапшы педагог

**Аннотация:** Ушу бөліміне балалар әдетте жас шектеулерінсіз қабылданады, өйткені сабаққа дұрыс көзқараспен ушу жарақат алмайды. Ушу жаттығулары балаларда тыныс алуды, шоғырлануды, есте сақтауды, вестибулярлық аппаратты дамытады. Ушу өзінің бай философиясымен балаларда денені ғана емес, рухты да дамытады.

**Кілтті сөздер:** Спорттық, ушу, денсаулығы, жекпе-жек, өнерін, элементтерін, дағдыларын, психикалық, өзін-өзі, құрметтеу.

**Аннотация:** На отделение Ушу детей обычно принимают без возрастных ограничений, так как при правильном подходе к занятиям ушу не травмирует. Упражнения на Ушу развивают у детей дыхание, концентрацию, память, вестибулярный аппарат. Благодаря своей богатой философии Ушу развивает у детей не только тело, но и дух.

**Ключевые слова:** Спорт, ушу, здоровье, боевые искусства, элементы, навыки, экстрасенс, самоуважение.

**Abstract:** Children are usually admitted to the Wushu department without age restrictions, since with the right approach to wushu classes, it does not injure. Wushu exercises develop children's breathing, concentration, memory, and vestibular apparatus. Thanks to its rich philosophy, Wushu develops not only the body, but also the spirit in children.

**Keywords:** Sport, wushu, health, martial arts, elements, skills, psychic, self-esteem.


Ушу сабақтары балаларда барлық буындарды, байламдар мен бұлшықеттерді дамытады, ептіліктің, күштің, икемділіктің және ерекше Рақымның дамуына ықпал етеді. Ушу сабақтарында спорттық міндеттер қоюдың қажеті жоқ-бұл бүкіл денені керемет физикалық күйде ұстаудың тамаша мүмкіндігі. Ушу бөліміне балалар әдетте жас шектеулерінсіз қабылданады (тіпті 3 жастан бастап), өйткені сабаққа дұрыс көзқараспен ушу жарақат алмайды. Ушу жаттығулары балаларда тыныс алуды, шоғырлануды, есте сақтауды, вестибулярлық аппаратты дамытады. Ушу өзінің бай философиясымен балаларда денені ғана емес, рухты да дамытады. Спорттық ушуда 2 негізгі бағыт бар-таолу (қарсыласпен байланыссыз жаттығу жүйесі) және саншоу (толық байланыс жүйесі). Таолу әдетте техниканы қолдануға арналған. Саншоу, керісінше, қарсыласқа немесе қарсыластарға қарсы күресте қолданылады. Бұл жекпе-жекте қылыш, қылыш, найза және таяқшаны қолдануға болады. Сондай – ақ, кейде қорғаныс құралдары қолданылады-дулыға, көкірекше, қалпақ, бокс қолғаптары және басқалары. Ушу өзі үшін керемет жекпе-жек өнерін іздейтіндер үшін ғана емес, сонымен қатар денсаулығы, дененің икемділігі, буындардың қозғалғыштығы маңызды адамдар үшін де тамаша. Ушу-Қытайдан шыққан бірқатар жауынгерлік пәндердің жалпы атауы. Ушу сабақтарына спорттық жаттығулар, тыныс алу жаттығулары, өзін-өзі қорғау әдістерін үйрену және рухани даму негіздері кіреді. Бұл спорт физикалық, психикалық және ақыл-ой дамуына оң әсер етеді, сондықтан балаларды өте жас кезінде бөлімге беруге болады. Жалпы, ушу – өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі жетілдірудің ғасырлар бойы тегістелген кешенді жүйесі деп айтуға болады. Сабақтарда балаларға өз денесін, өзін-өзі қорғауды, қару-жарақ дағдыларын, психикалық өзін-өзі бақылау дағдыларын және шығыс философиясының

негіздерін үйретеді. Баланы қай жастан бастап құлаққа беру керек. Бұл жаста балалар ойын форматында айналысады, ал сабақтар физикалық денсаулықты нығайтуға, созылуға, төзімділікті арттыруға және икемділікті дамытуға бағытталған. Ушу сабақтары элементтерін үйренумен және қару-жарақпен танысумен кәсіби деңгейде 7-8 жастан басталады. Сол жастан бастап балалар жауды құрметтеуге, қақтығысты шешудің бейбіт жолдарын іздеуге және әрқашан өздерімен және қоршаған әлеммен үйлесімді болуға үйрететін осы керемет жекпе-жек өнерінің философиясын түсіне бастайды. Жекпе-жектің басқа түрлері сияқты, ушу балаларға мінездің Күшін, жеңіске деген ерік-жігерін, зейінділігі мен адалдығын тәрбиелейді. Балаларға арналған ушу түрлері, стильдері Ушу екі түрге бөлінеді-сауықтыру және спорт. Сауықтыру ушу-денсаулықты нығайтуға бағытталған жаттығулар жиынтығы. Бұл түр тірек-қимыл аппараты, жүрек ауруы және аутоиммунды аурулары бар балаларға ұсынылады. Ушу гимнастикасы кез-келген жаста қол жетімді. Спорттық ушу-бұл 100-ден астам стильді қамтитын толыққанды спорт түрі, олардың ішіндегі ең танымалы: Шаолинь монахтарының стилі, стильдің ерекшелігі-керемет акробатикалық трюктер және күшті найзағай соққылары; Танланцюань - "мантис стилі" екінші атауы. Жұмсақ және тегіс қозғалыстармен ерекшеленеді және сауықтыру гимнастикасы ретінде қолданылады; Багуажан-бұл стильде соққылар алақанмен жасалады және әр қозғалыс алдыңғы қимылдан тегіс ағып кетеді; Цейлифо стилі секіру кезінде алақанның соққылары мен қабырғаларының басым болуымен сипатталады; Хунгар - батыс елдерінде оның тиімділігін анықтайтын жоғары жауынгерлік тиімділікке ие. Сондай-ақ, ушуды Санданың жауынгерлік байланыс түрлеріне және беску-таолудың жанаспайтын түрлеріне бөлуге болады. Жаңадан бастаған балалар үшін жарақат алу қаупі аз агрессивті стильге артықшылық берген дұрыс. Ұлдар мен қыздарға арналған Ушу Құлақта жыныстық шектеулер жоқ. Бұл спортпен ұлдар да, қыздар да бірдей айналыса алады. Бірақ егер ұлдар көбінесе қарсыласымен шайқаста алған білімдерін қолдана алатын байланыс стильдеріне барса, қыздарға ушу-таолумен айналысуға кеңес беріледі. Бұл стиль гимнастикалық жаттығулар кешені болып табылады және жарыстар қарсыласпен жекпе-жексіз өтеді. Сабақтары балаларға не үшін пайдалы, не дамытады. Басқа спорт түрлері сияқты, ушу бірінші кезекте жалпы физикалық денсаулыққа пайдалы. Тұрақты сабақтар иммунитетті арттырады, психологиялық жағдайға жағымды әсер етеді және Тәуелсіздік пен батылдықты қалыптастырады. Сонымен қатар ушу келесі қасиеттерді дамытады: Бұл жекпе-жек өнерінің философиясы-шайқаста және күнделікті өмірде үздіксіз өзін-өзі жетілдіру. Осының арқасында бөлімде оқитын балалар оқуда жақсы нәтиже көрсетеді, бәрін жақсартуға тырысады және сынға барабар қарайды. Қарсы көрсеткіштер Ушу сауықтырудан айырмашылығы, спорт түрінің бірқатар қарсы көрсеткіштері бар, онда бөлімге жазылуға қарсы: Ми жарақаттары; Туа біткен жүрек аурулары; Омыртқаның ауыр аурулары; Асқынған жұқпалы аурулар. Бөлімге жазылмас бұрын медициналық қол жетімділік қажет. Сондай-ақ, балаға спорттық сақтандыру қажет болады, онда полис ушу сабақтарына арналғанын көрсету керек. Бөлімді қалай таңдауға болады. Баланы бөлімге бермес бұрын, ушу жекпе-жек мектебінде қандай стильде оқытылатынын білу керек. Сондай-ақ, жаттықтырушының тәжірибесі, оқушылардың жетістіктері және мектептің техникалық жабдықталуы туралы хабардар болу керек. Мамандар спорттық сақтандыруды қажет етпейтін бөлімге жазылудан бас тартуға кеңес береді, студенттер балаларды жаттықтырады, ал оқушылар маңызды жарыстарда өнер көрсетпейді. Біздің сайтта секциялар каталогы бар, онда сіз өз қалаңызда, үйге жақын жерде жақсы жекпе-жек мектебін таңдай аласыз. Қорытынды-баланы құлаққа беру керек пе, ата-аналарға кеңес

беру керек пе Баланы құлаққа беру керек пе деген сұраққа жаттықтырушылардың жауабы анық, иә. Бұл балалар үшін ең қауіпсіз және пайдалы спорт түрлерінің бірі, онда балалар сізге дені сау, мықты және байсалды баланы жаман әдеттерсіз және болашақта бұзылған жүйесіз тәрбиелеуге көмектесетін көптеген пайдалы дағдыларды алады. Сондай-ақ, жаттықтырушылар ата-аналарға бірнеше кеңестер береді, атап айтқанда: егер бала осы спорт түрін таңдаған болса, сабаққа кедергі жасамаңыз, егер бала қаламаса, жаттығуға бармаңыз, әрдайым жарыстарға қатысыңыз, әр жеңіс үшін мақтаңыз және кішкентай жетістіктерге бірге қуаныңыз. Сабақ формасы қарапайым, ыңғайлы, практикалық, этикет ережелеріне, ұлттық және діни дәстүрлерге сәйкес болуы керек. Белдіктің түсі маңызды емес. Жекпе-жек өнерінің дәстүрлеріне сәйкес мерекелік форма жарқын және эстетикалық болуы керек. Сабақ алдында дәрет пен ниет туралы дұға еткен жөн. Жаттығу сабақтары медитациядан басталуы керек. Стрессті эмоционалды және физикалық жеңуге бейімделу керек, қажетті жұмысты қанағаттанарлық маңызды процеске айналдыруға тырысу керек. Медитацияның алғашқы 5 минуты әрі қарайғы іс-шаралар үшін маңызды мотивациялық рөл атқарады. Жылыту-бұл жаттығудың ең қиын, бірақ қажет бөлігі. Жылыту мұғалімнің ерекше талғампаздығы мен шеберлігін қажет етеді. Жылыну ойын түрін ұсынуы керек, оқушының ерекше жетістігінде физикалық күш, төзімділік, ерік-жігерді дамытуға міндеттер қою керек. Әр түрлі әдістер мен әдістерді ескере отырып, жаттығу процесінің жалпы сызығын сақтай отырып, жаттығулар мен әрекеттерді кәсіби, сауатты біріктіру қажет. Тыныс алу-бұл бізден тәуелсіз өмір сүретін, бірақ оның орындалуына байланысты жекпе-жек өнерінде шешуші рөл атқаратын зат. Біз жоғарғы, ортаңғы және төменгі тыныс алуды ажыратамыз. Маңыздылық дәрежесі бойынша төменгі тыныс алуға артықшылық беріледі. Адамның барлық энергиясы іш аймағында. Тыныс алу жаттығулары-бұл ерекше өнер. Тыныс алудың барлық әрекеттермен байланысы кез-келген динамикалық күш-жігердің табиғи сүйемелдеуімен нормаға айналғанға дейін ерекше шеберлікті қажет етеді. Біз тіректерді позиция ретінде қарастырамыз. Олар көпшілікке белгілі және әртүрлі болуы мүмкін. Негізгі талап-тізедегі сәл бүгілген аяқтар және өкшенің жерден сәл бөлінуі, орталық сызықты сақтау, қолдар сәл көтерілген, шынтақтар тігінен төмен түсірілген. Дене мен аяқтың орналасуы өзгеруі мүмкін, бірақ міндетті шарт – дененің 6 бөлігінің (қолдар, шынтақтар, иықтар, жамбас, тізе, аяқтар) сәйкестігі, ауырлық центріне сәйкес қозғалыстардың үйлесуі. Соққылар мен соққылар қабылданған ережелерге сәйкес және жекпе-жектер қорғаныс құралдарында өткізілетіндігін ескере отырып, қолдарымен және аяқтарымен қолданылады. Тік соққы тікелей және бүйірлік соққылардан гөрі қолайлы деп санаймыз. Ең тиімдісі-қолдың соққысы, оның басталуы білектің негізі болған кезде іштің төменгі бөлігін білдіреді(қолдағы импульс нүктесі Танден деп аталатын энергия нүктесінде). Соққыларды барлық деңгейлерге қолдануға болады, бірақ ең тиімдісі-белдік деңгейіне дейін соққылар.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Максима Николаевича Петрова «Боевые приемы ушу» Учебное пособие. - М.: Физическая культура,2019.
2. Костихина Н.М. Акмеология физической культуры и спорта: Учебное пособие. - М.: Физическая культура,2005.



## ТАРИХ

ӘОЖ 94(3):599.88

**Неліктен питекантроп адамдары Бөріқазған мен Тәңірқазған тұрақтарына қоныстанды?**

Мусабаева Жаннур Бегалиевна

Тарих ғылымдарының магистрі, Ғылыми қызмет және ескерткіштерді қорғау бөлімінің тарихшысы

«Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК  
(Қазақстан, Тараз, 080012, Х. Бектұрғанов көшесі, 3-үй)

**Андатпа.** Планетамыздың барлық түпкірлерінде адамның шығуы мен даму тарихында, сондай-ақ оның еңбек қызметінің іздерінде ортақ нәрсе көп және олар өзара тығыз байланысты. Алайда адамзаттың ежелгі өткен заманының көптеген беттері осы кезге дейін ашылған жоқ, анықталған мәселелер мен даулы қағидалар әлі де көп. Біздің ертедегі бабаларымыздың өмірі туралы қазіргі түсініктер адам еңбегінің қалдықтары – тас құралдар, оларды дайындаған кездегі қалдықтар, тамақ қалдықтары – жануарлардың сүйектері сақталып, үңгірлерді, үңгіме қуыстарды зерттеуге негізделеді. Осы заманғы «мешеу халықтар» дейтіндердің өмірінен алынатын этнографиялық деректердің де маңызы аз емес. Олар ежелгі адамзаттың материалдық және рухани мәдениетінің кейбір жақтарын жақсырақ түсіндіруге мүмкіндік береді. Бірақ басты ақпаратты дегенмен де алғашқы қауымдық қоғамның ең көп таралған материалы – тастан жасалған еңбек құралдары береді.

Мақалада питекантроп адамдарының көптеген еңбек құралдары (үшкірленген тастар, шапқылар, кескіш, шоқпар, аң сүйектерінен ойылған үшкір құралдары) зерттелді. Соның ішінен бұдан 800-500 мың жыл бұрын жасалған қара түсті шақпақтастарға бай Қаратау маңында орналасқан Бөріқазған мен Тәңірқазған қоныстары қарастырылды.

**Түйін сөздер:** питекантроп, археология, кремний карбонды малта тастар, қол шапқыштар, унифастар, жаңқалар, нуклевидті бұйымдар, музей, артефактілер, унифастер, палеолит, антропоген, приматтар.

**Аннотация.** Во всех глубинах нашей планеты много общего в истории происхождения и развития человека, а также в следах его трудовой деятельности, и они тесно взаимосвязаны. Однако многие страницы древнего прошлого человечества до сих пор не раскрыты, и все еще существует множество выявленных проблем и спорных принципов. Современные представления о жизни наших ранних предков основываются на изучении пещер, пещер, где сохранились остатки человеческого труда – каменные орудия труда, остатки при их приготовлении, остатки пищи – кости животных. Немаловажное значение имеют и этнографические данные из жизни современных так называемых «народов мешеу». Они позволяют лучше объяснить некоторые аспекты материальной и духовной культуры древнего человечества. Но основную информацию, тем не менее, дает самый распространенный материал первобытнообщинного общества – орудия труда из камня.

В статье изучены многие орудия труда людей-питекантропов (заточенных камней, тесел, резцов, молотков, острых инструменты, вырезанных из костей животных). Среди них рассматривались поселения Буриказган и Танирказган, расположенные вблизи Каратау, богатые черными кремнями, построенные 800-500 тысяч лет назад.

**Ключевые слова:** питекантроп, археология, камешки из карбона кремния, ручные косилки, унифасы, скусны, нуклевидные изделия, музей, артефакты, унифасты, палеолит, антропоген, приматы.

**Abstract.** All the ends of our planet have a lot in common in the history of the origin and development of man, as well as in the traces of his labor activity, and they are inextricably linked. However, many pages of the ancient past of mankind have not been revealed until now,

and there are still many identified issues and controversial principles. Modern ideas about the life of our early ancestors are based on the fact that the remains of human labor – stone tools, the remains of their preparation, the remains of food – animal bones are preserved and the study of caves, cavern cavities. The ethnographic data obtained from the life of modern "mesheu peoples" is also of great importance. They make it possible to better explain some aspects of the material and spiritual culture of ancient mankind. But the main information is still given by the tools of Labor made from the most common material of primitive society – stone.

The article examined many tools of Pithecanthropus (sharpened stones, chisels, chisels, sharp tools carved from animal bones). Among them, the settlements of Barykazgan and Tanirkazgan, located near Karatau, rich in black Flint, created more than 800-500 thousand years ago, were considered.

**Key words:** pithecanthropus, archaeology, silicon carbon pebbles, hand mowers, unifaces, skunks, nucleoid products, museum, artifacts, unifasts, Paleolithic, anthropogen, primates.

Ежелден ел мен жердің тарихы аңызбен астарлас, тарихпен тамырлас. Көкейінен көне заман күмбірі төгілетін, зердесінде заманалардың жұмбақ үні қалыптасқан тарихи өлкелердің өнегесі мол. Ал абыз дала аңыз шерттіп, уақыт өткен сайын ұрпағын ұлағатқа қандырып, көңілді мейірім шуағына бөлейді. Тасының түбінен тамшылаған тағылым, топырағынан бұрқыраған тарих, қатпарынан қылаң беретін қасиет ұлт көшінің желісі үзілмеген ұлы сапары іспетті.

Жамбыл облысының Талас топырағында шежіремен өріліп, аңызбен көмкерілген көрнекті тарихи орындар көп. Ежелгі адамдардың Жамбыл жеріне қоныс аударуы үшін ең қолайлы жерлер Қаратау таулары болды. Онда көптеген жабайы жануарлар сүйектері табылды. Климаты ыстық және жері өсімдіктерге бай болды. Палеолит дәуіріндегі адамдардың қоғамдық ұйымы күрделі және ұзақ даму жолынан өтті. Ежелгі адамдар табиғат күштеріне қарсы тұру үшін және аң аулау кәсібі оңайырақ болу үшін топтасып өмір сүрді.

Аңыз бойынша ерте заманда Талас жерінде бірнеше жыл қатарынан құрғақшылық болады. Су іздеген жұрт бұл қуаңшылықтан шығар амал таба алмай қиналады. Сонда бір бөрі елдің алдына шығып жүріп отырыпты. Ел де бөрінің соңынан үлкен үмітпен ере береді. Сол бөрі шөліркеген елді бастап келіп, даланың төсін қазады. Сонда бөрінің қазған жерінен су шығып, бүкіл халық аман қалған екен. Бұл жер содан бері Бөріқазған деп аталып кеткен дейді. Бөріқазған алқабы Талас топырағының ортасында. Бүгінде киіз үйдің орнындай ғана болып үйілген топырақ болмаса, бұл жерде басқа белгі жоқ. Тек халық санасында Бөріқазған деген атпен ғана қалған дала қойнауындағы қасиетті жер тамырына тылсым жасырған күйі тұр.

Осы Талас топырағында Бөріқазған жері мен Тәңірқазған тұрағы қатар аталады. Әлгі айтылған аңыз да бір-біріне жалғас дүние. Күндердің күнінде Бөріқазғанның суы тартылады. Халықтың қайғы-қасіреті қайта үдей түседі. Арада шамалы уақыт өткенде су іздеген халық жапан далада тағы бір жердің өзінен өзі қазылып, суға толып тұрғанын көреді. Бұл судың дәмі де тәтті екен. Кейіннен әлгі жер Тәңірқазған аталып кеткен екен дейді.

Бұдан 1 млн. жыл бұрын питекантроп адамдары Бөріқазған мен Тәңірқазған тұрақтарында мекен еткен уақытында ауыр салмақты, тік бұрышты ұсақ шақпақ тастардан ең ежелгі еңбек құралдарын жасаған болатын. Еңбек құралдары Кеңірдек елді мекені жанынан, Қаратау жотасынан оңтүстік-батыс беткейіндегі Арыстанды өзенінің ең жоғары жайылмасынан, қатып қалған төменгі төрттік кезеңнің қалың конгломераты арасынан табылған [1, 13 б.]. «Клектон тұрпаттас» деп аталатын бұл ежелгі құралдардың одан анағұрлым кейінгілерден айырмасы – олардың соғатын қыры тым үлкен, ол тіпті бүкіл сынық көлемінің жартысынан көбірек. Олармен бірге үлкен шақпақтастар, дөңес нуклеустер де табылды; әлгі сынықтар солардан сындырылып алынған. Ашельдік Бөріқазған және Тәңірқазған тұрақтары мейілінше назар аударуға лайық [1, 14 б.]. Бұл

тұрақтардағы құралдардың таралу шегі айқын және өңделген шақпақтас бұйымдар белгілі бір шектен тыс жерлерде сирек кездеседі. Бөріқазған мен Тәңірқазғаннан табылған ежелгі палеолиттік саймандар төрт топқа: екі қырлы және бір қырлы шапқы құралдар; шапқылар; ауыр тас сынықтар; ірі ұра тастар – нуклеустер болып бөлінеді. Бірінші тобы көбірек кездеседі. Шапқы құралдардың Оңтүстік-Шығыс Азия мен Африканың шель-ашель кеніштерінен табылған дәрекі тас саймандардан елеулі айырмашылығы жоқ [2, 48 б.], олардың барлық жағдайда да малтатас сияқты түрде болуы айқын аңғарылады, тас құралдардың бір шеті өңделген, екі жағынан мол сындырылып жұқартылған, өткірленген имек жүзі бар, ал қарсы жағы өңделмеген. Төменгі палеолитте адам тасты сындыру үшін басқа тасты пайдаланып, біріне-бірін ұрған. Мұндай техника «соққылау техникасы» немесе «малтатас мәдениеті» деп аталып кеткен, өйткені оған көпшілік жағдайда өзендерде кездесетін кәдімгі малтатастар шикізат болған. Кейіннен шой балғалар пайда болып, олар жақсырақ нәтижелерге жетуге мүмкіндік берді. Олар көбінесе цилиндр немесе дөңгелек түрде болып, көп жерінде жемірілген және соғылған із қалған. Мысалы, Х.А. Алпысбаевтың Қаратау жотасы ауданынан тапқан құралдары жоғарыда аталған тәсілмен өңделген. Құралдар дайындау үшін негізгі шикізат малтатастар болған. Құралдарды өңдеу кезінде тастың екі жақ шетінен ортасына қарай шеттері мол сындырылып, жұқартылған да, кесетін имек жүз шығарылған. Құрал кейіннен шапқы ретінде пайдаланған. Қаратау жотасынан тас құралдарын зерттеудің нәтижелері Мовиустың негізгі қағидаларына қайшы келеді, ол төменгі палеолит дәуірінде шектеулі екі аймақ болғаны туралы болжам ұсынған еді. Олардың біріне мекендеушілеріне қолдан жасалған шапқыларды пайдалану ғана тән болған [3, 76 б.].

**Бөріқазған тұрағы** – Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қызылөуіт ауылынан 10 км оңтүстік-шығыста, Бөріқазған жерінде орналасқан. Алғаш 1958 жылы Қаратау археологиялық тобының жетекшісі болып Х. Алпысбаев зерттеген. 2000 жылы ҚР ҒА Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы К.М. Байпаков жетекшілігімен қайтадан зерттелген.



Зерттеу жұмыстары нәтижесінде тас бұйымдар (442 дана) куэсті биіктіктегі беттен табылған. Құралдарды жасаудағы негізгі шикізаттарды қара ұсақ түйіршікті кремний карбонды малта тастар құрайды. Тас бұйымдардың көбірек топталған жерлеріне Х. Алпысбаевтың басқаруымен бірнеше шурфтар салынған.

Бөріқазғанның артефактары келесі түрлерге бөлінген: 1) екі жақты добал; өңделген шапқыш құралдар (32 дана); 2) табақша құрал-саймандар (3 дана); 3) қол шапқыштар (2 дана); 4) унифастар (3 дана); 5) жаңқалардан жасалған құралдар (23 дана); 6) жаңқалар (342 дана); 7) нуклеидті бұйымдар (8 дана) және өндіріс қалдықтары (27 дана). Соққылау техникасы мен типологиясы үлгісіндегі тас бұйымдар олдувай мәдениетінің құралдарымен ұқсас. Коллекциялар Алматы қаласында, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология Институтында Археология музейінде сақтаулы [4, 41 б.].



Көбісі қара кремнийден жасалған артефактілері – еңбек құралдары табылды. Тас құралдардың осыған ұқсас түрлері ежелгі тас дәуірінің тұрағы — Сивалик (Үндістанда) өңірлерінде жиі кездеседі. Тас құралдарды Х. Алпысбаев бірнеше түрлерге бөлген: екі жағы бірдей өңделген шапқылар (чоппингтер), жұмыр құралдар, үш қырлы өткір құралдар, унифастер, т.б. Олардың арасында үшкір пышақтардың, қырғыштардың алуан түрлері бар.



**Тәңірқазған тұрағы** – Жамбыл облысының Қаратау қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 34 км жерде орналасқан. Х. Алпысбаев Тәңірқазған тұрағын зерттеуде 1957-1958 жылдары бастау алып, 1961, 1963 жылдары толық кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізген болатын.

Ғалымдардың пікірінше бұл төбешік төменгі антропоген уақытындағы ежелгі аллювий аңғарымен сай келеді. Тас құралдары 1 км<sup>2</sup> аумақта бірнеше жерде шоғырланған. 1961, 1963 жылдары тас

карулары шоғырланған төрт жерге 0,75 м тереңдікке дейін тікқазба (шурф) түсірілген.



Заттардың басым бөлігі, негізінен жоғарғы қабаттан алынған. Бұйымдарды жасауға сұр, қоңыр сұр, сұр қара, қара шақпақ тас пайдаланылған. Көпшілігі сары түсті патина қабаттан жабылған. Тәңірқазғаннан алынған бұйымдар мынадай негізгі топтарға бөлінеді: 1) екі шеті өңделген долбар шапқы құралдары (32 дана); 2) дөңгелек тұрпаттар (7 дана); 3) қол шапқы тәрізді құралдар (6 дана); 4) унифастар (3 дана); 5) тас жаңқадан жасалған бұйымдар (11 дана); 6) өзектастар (26 дана); 7) екінші қайта өңделмеген тас жаңқалары (266 дана).

Жинаған заттардың типологиялық және техникалық анықтамасы Тәңірқазған Қазақстан жеріндегі ең көне ескерткіштердің бірі екендігін көрсетеді. Алынған бұйымдарды Еуразия мен Африка құрлығындағы археологиялық кешендермен қатар қоюға болады. Тәңірқазған ежелгі аңшылардың осында келіп қоныстану жолдарын анықтауға мүмкіндік беретін бірегей ескерткіш. Оңтүстік Қазақстан өңірлерінен табылған шелль-ашель уақытына жататын Тәңірқазған секілді археологиялық нысандар республика жерін алғашқы адамдардың плиоцен-плейстоцен кезеңдерінде мекендегенін айғақтайды [5, 49 б.].



Бұл кезеңге жататын тас құралдар Оңтүстік-Батыс Қаратау жотасының баурайынан, Арыстанды өзенінің бойынан табылған. Археология ғылымында мұндай тас құралдарды клектон түрі деп атайды. Бұл құралдың басқа тас құралдардан ерекшелігі –

соққы беру үшін пайдаланатын жағы дөңес болып келеді. Оның жанында құрал жасауға арналған ірі шақпақ тастар мен жаңқаланған өзекшелер (нуклеустер) бар. Шамасы бұл жерде адамдар ұзақ болмаса да өмір сүріп, тұрақтарын құрал жасау үшін шеберхана ретінде пайдаланған.


Сонымен қатар ежелгі тас дәуірінде Кіші Қаратаудың солтүстік-шығыс баурайындағы қыратта да адамдар мекендеген. Бұл аумақта шақпақ тас мол кездеседі әрі адамдардың құрал жасаған әрекеттері анық байқалады. Онда ежелгі тас дәуірінің 12 қонысы анықталып, 5 мыңға жуық шақпақ тастан жасалған құралдар табылған. Жалпы, мұндай құралдар Шабакты, Тәңірқазған, т.б. шатқалдардан көптеп кездеседі. Олар жасалуы жағынан Африка, Пәкістан, Қытай жерінен табылған құралдарға ұқсас келеді [6, 32 б.].

Археолог Ж. Таймағамбетовтың пікірі бойынша, Қазақстанның ежелгі тұрғындары питекантроп пен синантроптар кезеңінде өмір сүрген. Ал бұл кезең адам тұрпаттас «тік жүруші адамның» қалыпты даму мезгілімен сәйкес келеді. Бұл кездегі Қаратау тұрғындары от жағуды және оны қалай сақтауды білген. Олар ірілі-ұсақты жануарларды аулаумен, жеміс-жидек жинаумен де айналысқан.

Нәтижесінде Оңтүстік Қазақстанның Қаратау жотасында орналасқан ежелгі тас дәуірінің Бөріқазған мен Тәңірқазған тұрақтары адамның дамыған приматтар қауымдастығынан бөлініп шыққаннан кейінгі адамзат қоғамының дамуының ежелгі кезеңін түсіндіруде үлкен маңызға ие ескерткіштерінің бірі болып табылады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Х.А. Алпысбаев. Памятники нижнего палеолита Южного Казахстана. – Алма-Ата, 1979. – 208 с.
2. Алпысбаев Х.А. Олдувея, Магадевиана индустриясы және олардың Қаратау бұйымдарымен байланысы. // Поиски и раскопки в Казахстане. А., 1972, 47-56 б.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1-том. – Алматы: Атамұра, 2010. – 544 б.
4. Жамбыл облысы бойынша Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері = Памятники истории и культуры Республиканского значения по Жамбылской области = Historical and cultural monuments of Republican significance in Zhambyl region: Ғылыми-танымдық шығарылым. – Тараз: «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, 2021. – 224 б.
5. Алпысбаев Х.А. Индустрия олдувея, магадевиа, соана, их связь с Каратаускими - изделиями // Поиски и раскопки в Казахстане. Алма-Ата: Наука КазССР, 1972, 47-55 сс.
6. Индустриальные комплексы северо-восточной части хребта Каратау (Южный Казахстан) (Каменный век Казахстана) /А.П.Деревянко, Ж.К.Таймағамбетов, Т.И.Нохрина, Г.Б.Бексеитов, А.А.Цыбанков; Под ред. З.С.Самашева, С.А.Гладышева. - Алматы: Қазақ университеті, 2007. - 342 с.





## ФИЛОЛОГИЯ

ӘӨЖ 910 (075)

## Тіркесті күрделі топонимдер

Тобугов М.Т.

Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебі. Жамбыл облысы

**Аңдатпа.** Мақалада күрделі топонимикалық сөздердің қалай пайда болатындығы туралы жазылған. Олардың қалыптасуына сөз таптарының кейіреуі қатыса алады. Сондай-ақ, күрделі топонимикалық атаулардың пайда болуы өте күрделі процесс. Өйткені олардың этимологиясы ғылымда әлі күнге дейін зерттеліп жатқан процеспен байланысты. Зерттеуіміздің мақсаты – жер-су атауының сөзжасамға қатысты екенін дәлелдеу. Мақалада келтірілген мысалдарда топонимдердің күрделі атаулары көрсетілген. Себебі лексикалық және грамматикалық жағынан бірдей болады. Күрделі атаулар негізгі және туынды түбірден тұрады. Сонымен қатар мақалада геокеңістік объектілерінің атауларын қалыптастырудағы ерекшеліктер де қарастырылған. Географиялық объектілердің атаулары когнитивті механизмдермен байланысты. Оның құрылымы мен әдісі – сөзжасам механизмі.

**Аннотация.** В этой статье говорится о том, как образуются сложные топонимические слова. В их образовании участвуют такие части речи, как имя существительное, имя прилагательное, имя числительное. Но образование топонимов – двойных топонимов очень сложный процесс, потому что они связаны с этимологией, со знанием, процессом названия, который исследуется до сих пор. Нашей целью является доказать, что топонимообразование является такой же как и словообразование. В примерах, которые даются в статье указаны сложные сочетания топонимов – это лексические единицы, они одинаково разделяются грамматически. Из сложной пары состоит основной корень, производный корень. Также рассматриваются особенности в образовании названий объектов геопространства. Названия географических объектов связаны с когнитивными механизмами. А его структура и метод – механизм словообразования.

**Annotation.** This article talks about how complex toponymic words are formed. In their education, such parts of speech as noun, adjective, numerative are involved. But the formation of toponyms – double toponyms is a very complex process, because they are related to etymology, with knowledge, the process of the name, which is being investigated so far. Our goal is to prove that toponym formation is the same as word formation. In the examples that are given in the article, complex combinations of toponyms are indicated – they are lexical units, they are equally divided grammatically. A complex pair consists of the main root, the derived root. Also, features in the formation of names of objects of geospace are considered. The names of geographical objects are associated with cognitive mechanisms. And its mechanism of word formation.

**Түйін сөздер.** Күрделі сөз атауы, географиялық объектілер, апелляциятивтер, патронимиялық жүйе, ұлттық ономастика, ойконимдер, изоферменттік үйлесімділік, геокеңістік нысандары.

**Ключевые слова.** Сложные словосочетания, географический объект, апелляциятивы, патронимическая система, национальная ономастика, ойконимы, изафферетные сочетания, объекты геопространства.

**Key words.** Complex word combinations, geographical object, appellatives, patronymic system, national onomastics, oikonoms, iszeret combinations, objects of geospace.

Тіркесті күрделі сөздер де күрделену тәсілімен жасалады. Олардың құрамы да екі не одан да көп мағыналы жұптардан тұрып, сөйлем жүйесінде дайын қалпында қолданылып, біртұтас лексикалық мағына береді. Сөйлемнің бір мүшесінің қызметін атқарып, аралары бөлінбей бір ырғақты әуезбен айтылады. «Тіркесті күрделі

сөздердің құрамы тұрақты, сыңарларының орнын ауыстыруға болмайды» [5,259]. «Тіркескен күрделі сөздер құрамы, мағынасы, атқаратын қызметі жағынан біріккен және қос сөздермен бірдей, сөзді тануға қойылатын белгілерге толық жауап береді, айырма емлемен байланысты. Біріккен сөздің сыңарлары бірге, қос сөздің сыңарлары дефис арқылы, ал тіркесті күрделі сөздердің сыңарлары бөлек жазылады» [2,14].

Тіркесті топонимдер де екі немесе үш-төрт сөздің тіркесуі арқылы белгілі бір географиялық нысанның атын білдіреді. Мысалы, Қотыр Қызылтау, Күміс құдық, Оғыз төбе, Шолақ Қарасу, Хан сүйегі, Абай атындағы ауыл, Есенбай асуы, Жақсы Абралы, Комсомол шыңы, Қазыбек би ауылы, Қабан шат, Тәттімбет атындағы ауыл, Қызыл жұлдыз, Мадьяр бұлақ, Қара Қойтас, Қызыл Қойтас, Жоңғар Алатауы, Алтын дала, Ертіс орманы, Берікқара шатқалы, Батыс Алтай (қорық) т.б.

Тіркесті топонимдердің жасалуының өзіндік ерекшеліктері бар. Біріншіден, олар – ауыл, төбе, көл, өзен, жота, орман, бұлақ, асу, қорық, шың, теңіз, жайлау, қыстау, қорым, Тағыда сол сияқты мекендер мен тұрақтарға, өзендер мен көлдерге байланысты аппелятивтер сөз тіркесімен келеді. Мысалы, Балқаш көлі, Каспий теңізі, Арал теңізі, Ертіс өзені, Комсомол шыңы, Жабық жотасы, Аршалы жайлауы, Есіл бөгені, Наурызым қорығы, Қызыл Таң ауылы т.б. мұндай кезде жалпы есімді атаулар тіркесті топонимдердің екінші сыңары қызметін атқарады.

Күрделі сөз тіркестеріне қарағанда тіркесті күрделі топонимдердің тағы бір өзіндік айырмашылығы ұлттық ерекшелікте. Қазақ халқы өзінің төл ұлттық территориялық орналасуына байланысты. «Әке билігі қазақ елінде жерді пайдалану құқығымен атадан қалған мұра жүйесімен тікелей байланысты болған. Бір рудан тараған бір ата баласы, әрі қарай ауыл, ауыл-аймақ территориялық көлемде дамуы кәсіби-шаруашылық пен көшпелі өмір салт бағытында біртіндеп қалыптасқан», - дейді ұлттық ономастикамызды лингвотанымдық тұрғыда зерттеген ғалым Қ.Рысбергген [1,275].

Осы мәлімет туралы Орталық Қазақстан географиялық атауларын зерттеген ғалым А.Жартыбаев ХІХ ғасырдағы географиялық жүйені саралай келіп, «Қазан революциясына дейінгі (ойконимдер) белгілі бір елді-мекенге тұрған жеке адамның есіміне, лақап атына, әлеуметтік, мәдени-діни шаруашылық жағдайларына байланысты ру басы, ауыл иесі есімдерімен ұқсастырып аталып отырғанын М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясынан айқын байқағанын айтады. Роман-эпопеяда: Құнанбай ауылы, Абай ауылы, Бөжей ауылы, Абай қыстауы, тобықты жайлауы, қаракесек елі, тағыда басқа атаулардың кездескені туралы айтады [4,54].

Бұдан байқағанымыз күрделі (топонимдер) географиялық атаулар байырғы кезден, қазақ ұлтының патронимдік жүйесіне байланысты болып келіп, үнемі изафеттік тіркесті болып келген. Бұл – тіркесті топонимдердің күрделі тіркесті сөздерден ерекше екендігін байқадық. Тіркесті топонимдердің семантикалық және құрылымдық жіктелуі кезінде өзіндік ерекшеліктеріне назар аударылуы керек:

- 1) тіркес құрамындағы сөздердің сөз табына қатысы;
- 2) тұлғалық құрылымы (негізгі түбір, туынды түбір, күрделі сыңар т.б.);
- 3) сыңарларының дара лексикалық мағынасы болуы/болмауы;
- 4) тіркесті топонимдерді байланыстырушы элементтер (қосымша морфемалар, көмекші сөздер т.б.);
- 5) сыңарлардың арасындағы мағыналық байланыстың болуы;
- 6) тіркесті топонимдердің бір бүтін лексикалық бірлік ретінде грамматикалық түрленуі мен бір сөйлем мүшесі болуы қарастырылады.

Тіркесті топонимдердің сыңарлары түрлі сөз таптарынан болады. Олардың құрылымдық модельдері:

**Зат есім – зат есім.** Мысалы, Қуырдақты өзені, Ботагөз бұлағы, Барқын құмы, Қайыңды өзені, Мұқан бөгеті, Жанбай шағылы, Уақ шағылы, Көмекбай төбе, Қайраңды өзені, Шорман егіс алқабы, Достың бұлағы, Еңбекші қазақ (елді мекен), жазық стансасы,

Пышық қорымы, Оғыз төбе, Есенбай асуы, Комсомол шыңы, Есік қорғаны, Күнгей Алатау, т.б.

**Сан есім – зат есім.** Мысалы, Үшінші бесжылдық, XXV партсъезд, т.б. Сын есім – зат есім. Мысалы, қызыл еңбек (қыстау), Қызыл үй (селолық округ), Үлкен басқан, Кіші Басқан, Қызыл Жұлдыз, Күміс құдық, Үлкен Алматы шыңы, Кіші Өсек, Кіші Алматы, Үлкен Шабақты, Үлкен Шошқалы, Кіші Алакөл т.б.

Зат есім – сын есім – зат есім. Мысалы, Қотыр Қызыл Ту, т.б.

Зат есім – зат есім – зат есім. Мысалы, Көкжиде су құбыры,

Іле Алатау ұлттық паркі, Шарын ұлттық паркі, Тұйық кен орындары, Жарқұлақ алтын кені, т.б. және тіркесті күрделі топонимдердің бұлардан басқа да түрлері кездеседі.

Берілген мысалдардағы күрделі тіркесті географиялық атаулар – бүтін лексикалық бірліктер болғандықтан грамматикалық түрленулері де бірдей, сөйлемде бір мүшенің қызметінде жұмсалады, бір сұраққа жауап береді. Олардың сөз табына қатысы жоғарыда көрсетілді, негізінен есім сөздердің тіркесінен тұратыны анықталды. Сыңарларының тұлғалық құрылымдары әр түрлі және негізгі түбір, туынды түбір, күрделі сыңарлардан келеді.

Тіркесті күрделі топонимдердің сыңарлары туралы айтар болсақ, кей жағдайда бірінші сыңарлары ауыспалы болып, екінші сыңарлары тұрақты болып келеді. Ол жоғарыда аталған аппелативтермен тіркесу кезінде болады. Мысалы, Абай ауылы, Тайлак жолағы, Қайыңды үйез, Құнанбай ауылы, Арал теңізі, Балқаш көлі, Қақпан құрған, сәрсенбі тосқауыл, т.б.

Жаңа, ескі, жақсы, жаман, ұзын, үлкен, кіші, т.б. сын есім сөздердің қатысымен туған топонимдер: Жаңа дала, Үлкен Шибұт, Жаңа құдық, Ескі Іқан, Ескі Шілік, Жуан төбе, Ескі Қанай, Үлкен Бөкен, Жақсы Жалғызтау, Құлан ойнақ, Жақсы Сарысу, Жаман Сарысу, Жақсы Қайрақты, Жас Қайрат, Қызыл Қайрат, Жаңа Қаратон, Ұзын Бұлақ, т.б.

Күрделі сөз тіркесінен жасалған географиялық атаулар (топонимдер) екі немесе бірнеше сөздің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы, Балпық би кенті, Ескелді би ауылы, Талдыбұлақ ауылдық округі, Октябрьский кенті, Жаңғожа батыр ауылы, Нағи Ильясов атындағы ауыл, Тәжібаев Әбілдә ауылы, Тұрар Рысқұлов ауылы, Октябрьдің алпыс жылдығы ауылы, Халықтар достығы (оқ, Мақтаарал ауданы), Жібек жолы, Минералды сулар ауылы, Дінмұхаммед Қонаев ауылы, Имантау табиғи аймағы, Шалқар табиғи аймағы, Сергеев су қоймасы, т.б.

Күрделі тіркесті географиялық нысандар атауына мемлекеттік ұлттық табиғи парктері атаулары жатады: Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, «Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, «Көкшетау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, Жоңғар Алалуы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, «Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі және т.б. Берілген мемлекеттік ұлттық табиғи парктері бірнеше сөзбен тіркесіп келіп, сөйлемде бір мүше қызметін атқарады, тіркестің соңғы сөзі зат есім, жалқы есім болғандықтан зат есімнің грамматикалық түрленуі бойынша грамматикалық қатынасқа түседі. Бұл – тіркесті күрделі сөздің бір түрі, топонимдерде кездесетін түрі.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан байқағанымыздай, тіркесті топонимдердің сыңарлары әр түрлі мағыналық топтағы сөздерден тұрады.

Күрделі сөз тіркесінен жасалған географиялық атаулардың (тіркесті топонимдер) сыңарлары негізгі түбір, туынды түбір сөздерден тұрады. Зат есімнен жасалған негізгі тіркесті топонимдердің құрамында жалқы есімдер мен жалпы есімдер тіркесе береді. Жалпы есімдер негізінен елді мекен, жер-суға байланысты атаулар. Қазақ тілінің сөзжасамында күрделендіру тәсілімен жасалған тіркесті сөздерге екі сыңары да зат есімнен болған – бала бақша, ауыз әдебиеті, бел омыртқа, т.б.; күрделі сын есімді

білдіретін – ал қызыл, қара көк, қызыл күрең т.б. сөздер; күрделі сан есімдер – он бес, жүз отыз бес, бір мың он алты, т.б. сөздер; күрделі етістіктер – алып бар, алып кел, көмек ет, жақсылық қыл т.б. жатқызылған. Олардың өзіндік ерекшеліктері, сөзжасамдық айырмашылықтары айтылған [2,114].

Топоним жасамдағы сөз тіркестері сөзжасамдағы сөз тіркестеріндегі үлгіден басқаша болып келеді. Олардың ортақ бірлігі – күрделі сөздердің өзіндік белгілері – бір сұраққа жауап беріп, бір сөйлем мүшесінің қызметін атқарып, бір мағыналық құрамда жұмсалуы болып табылады. Алайда, олардың жасалуында айырмашылықтар да бар. Ол айырмашылықтар аталым (номинация) жасау теориясына байланысты. Белгілі ғалым Б.Қасым: «Сөзжасам өзінің бүкіл тәсілдерімен (способ) және құралдарымен (средство) аталым мақсатына қызмет етеді», - деп [3,145], қазақ тіліндегі күрделі сөздің зерттелуі мен сипатталуын негізінен құрылымдық сипатта жүргізілгендігін айтады. Күрделі сөздің жайкүйі, оның жасалу тетіктері, қызметі мен мағынасы, ішкі мағыналық құрылымдары, сыңарлардың мағыналық уәждену деңгейі әлі де болса терең зерттеуді қажет етеді», - дейді [3,149].

Аталым теориясы бойынша – геокеңістіктегі нысандардың аттары екі түрлі жолмен жасалады. Біріншісі, табиғи (стихиялық), екіншісі – жасанды [1,80]. Бұл тіркесті топонимдердің жасамдық ерекшеліктерін білдіреді. Мысалы, Қотыр Қызылтау – таудың жерін жамылған тас қабатына сәйкес аталған; Төрт Сарт – көл, бұл атау өзбектердің ежелгі отырықшы бөлігінің ескі атауы. В.В.Бартолдтың айтуына қарағанда бір кезде түркі халықтары үндінің «саудагер» сөзінің түбіріне «сарт», «сартак», «сартауыл» деген атаулар қолданған. Осыдан кейін өзбектерді «сарт» деп атап кеткен.

Тіркесті топонимдерге де басқа географиялық нысандар тәрізді экстралингвистикалық тән. Сонымен бірге аталым беру белгілі бір жағдай, оқиғаға байланысты бола тұра, ат қою үрдісіне де байланысты. Е.Керімбаев ономастикалық аталым актісін: номинатор – ат беруші, номинант – нысан және номинат – тілдік белгі, жалқы есім үштігінен тұратындығын айтады [7,29-37]. Бұл тіркесті топонимдердің жасалуына да қатысты.

Біз тіркесті топонимдердің жасалу ерекшеліктерін құрылымдық тұрғыда сипаттап, сөзжасамдағы тіркесті күрделі сөздерден айырмашылықтары бар екендігі туралы айтып өттік. Оның ішкі мағыналық құрылымдары, сыңарларындағы мағыналарының уәждену деңгейі, сыңарларының атау мағынасын ашуға қатысы арнайы зерттеуді қажет ететіндігін көрсетті. Біздің мақсатымыз топонимжасамның сөзжасам саласының бір саласы екендігін айқындап, топонимжасамның жалпы мәселелеріне қатысты зерттеу болғандықтан аталған тақырыпқа терең бойламай, шешімін таппаған мәселенің бар екендігін айтқымыз келді.

**Қосарланған топонимдер.** Орхон жазба ескерткіштерінен бастап, күні бүгінге дейін түркі тілдерінің барлығының сөздік қорынан орын алатын күрделі сөздің бірі – қос сөздер. Олар лексикалық бірлік ретінде танылған. Сөздіктерде өзіндік орындары бар. Оларды сөзжасамдық тәсілдердің соңғы терминімен айтсақ, күрделендіру тәсілі арқылы жасалған сөздер. Қос сөздердің өзіне ғана тән ерекшеліктері туралы «Қазақ грамматикасында»: «Қос

сөздердің сыңарлары кез келген сөз таптарынан қосарланып жазыла бермейді. Тілде қос сөздердің жасалуының қалыптасқан заңдылықтары бар. Қос сөздердің екі сыңары да бір сөз табынан болады. Мысалы, ойын-сауық, бір-екі, анда-санда, көрпе-жастық, қауіп-қатер, қарым-қатынас, тамыр-таныс, жауын-шашын, т.б.» деп, екі сыңарлары да зат есімдерден болған қос сөздерді көрсеткен [6,25].

Аталған грамматиканың сөзжасам тарауында берілген анықтамалар бойынша, қос сөздер сын есім сыңарлы, етістік сыңарлы, үстеу, одағай сыңарлы, т.б. болып келетіндігі айтылған. Сонымен қоса қос сөздердің тағы бір ерекшеліктері сыңарларының арасындағы мағыналық жақындық, мағыналық байланыстың болуы. Және де олардың синтаксистік белгілі байланыстан бастау алғандығы айтылған.

Қос сөздердің жасалуындағы екі тәсіл: екі түрлі сөздердің қосарлануы және бір

сөздің қайталануы арқылы жасалуы: қосарлама, қайталама қос сөздер деп танылған. Қос сөздердің осы белгілері «Қазақ тілінің сөзжасамы» атты оқулықта (2014) қайталады. Грамматикада да, сөзжасам оқулығында да қос сөздердің тұлғалық құрамдары мен ішкі мағыналық құрылымдары туралы айтылады [2,118-124].

Топонимдерде де қосарланып, қосақталып қолданылатын атаулар кездеседі. Мысалы, Ақсу – Аюлы (елді-мекен), Кендірлі – Қаясан (қорық аймағы), Ырғыз – Торғай (резерват), Сайрам – Өгем (ұлттық паркі), Ақтау – Бозашы қорықшасы, Қарақия – Қаракөл қорықшасы, Ірсу – Дәубаба қорықшасы, Қиын – Керіш шатқалы, Теріс – Ашыбұлақ бөгені, Азынабай- Тайпақ каналы, Балқаш – Алакөл ойысы, Жоңғар – Балқаш қатпарлы жүйесі, Форт-Шевченко, Шерубай-Нұра өзені, Бөген және стансасы, Қарағанды-Мойынты темір жолы, Камеск- Уралская және т.б.

Сөзжасамдағы қос сөздердің жасалуы мен нысанға атау беру, геокеңістіктегі атаулардың жасалуында өзіндік ерекшеліктер бар. Географиялық нысандарға ат беру когнитивтік механизмге байланысты. Ал оның құралы, тәсілі – сөзжасамдық механизм. Құрылымдық сипаттағы дәстүрлі ономастикалық зерттеулерде жер-су аттарының жасалуы аталымдық принцип уәж сипатына қарай топтастырылды. Мысалы, материалдық, рухани, діни мәдениетке байланысты топонимдер, мал шаруашылығы, өсімдік атаулары, түр-түске байланысты т.б. жіктеледі дейді ғалым Қ.Рысбергген [1,81]. Ұлттық ономастиканы лингвокогнитивтік негізде зерттеу принциптері бойынша ат беру ең алдымен қоршаған ортаны танып, тілдік бірліктердің аталымдық әлеуіттері айқындалу керектігін айтады. Ономастикалық атаулардың екі түрлі жасалатындығын: табиғи (стихиялық) және жасанды түрлерінің болатындығын айтады [1,80]. Бұл аталым жасаудың экстралингвистикалық сипатын көрсетеді. Ол алғашқы тараушада айтқанымыздай аталым актісінің үштігімен байланысты. Мысалы, Қарағанды облысының Абай ауданында **Шерубай – Нұра** деп аталатын өзен және аттас бөген бар. Атау дара мағыналы екі сөзден жасалған. Бірінші Шерубай сыңары кісі есімінен жасалған. Ол көне түркі тіліндегі Шери, Алтай тіліндегі черу – «әскер», «армия» дегенді білдіретін сөз. Ал ұйғыр, өзбек тілінде шерик деп аталып, «әскер, қолбасшы» деген мағына білдіреді. Бұл сөзге қазақ тіліндегі бай сөзі қосылып кісі есімі жасалған. Ал гидронимнің екіншісі **Нұра** сыңарын зерттеушілер монғолдың жыры деген мағынаны білдіреді.

**Қызыл – Шілік** (өңір атауы) – Қызыл + шілік – көне түрікше шіл сөзінен – «жел» + ік жұрнағы қосылған. Атау «желді» деген мағынаны білдіреді.

**Ақсу – Аюлы** (елді мекен атауы) – Шет ауданының орталығы. Қос тұлғалы атау: Ақсу және Аюлы тауларының қосарланған түрі.

**Ақша – Қожай** (мекен атауы) – Қос этноним: Ақша және Қожай этникалық топтарының аты, этникалық топ өмір сүрген мекен.

**Ертіс – Қарағанды каналы** – жасанды нысан, жасанды атау. Павлодар және Қарағанды облыстары жерімен ағып өтеді.

**Каменск – Уралское** – Қостанай облысының Меңдіқара ауданындағы ауыл, ауылдық әкімшілік округі орталығы. Аудан орталығы – Боровской кентінен солтүстік-шығысқа қарай 25 км жерде, қарағайлы-қайыңды орман арасында орналасқан.

Форт-Шевченко қаласы, Маңғыстаудағы алғашқы қала. Мұнда 1850-1857 жж. Украин ақыны Т.Г.Шевченко айдауда болған, соның құрметіне қойылған атау.

Берілген мысалдардан байқағанымыздай топонимдердегі қоссөзділік – атаудың этимологиясымен, таным және аталым үрдісімен байланысты күрделі процесс. Тіл – тек сол экстралингвистикалық жағдаятты сөзжасамдық механизмдерімен бейнелеуші. Бұл жалқы есімдердің жалпы есімдердің жасалуынан өзгеше құбылыс екендігін білдіреді. Сөзжасам сөз жасаудың жалпы құрылымдық, мағыналық жағын сипаттаса, топонимжасамда ұлттың кеңістікті игеруі, өміріне, тіршілігіне икемдеуі, қоршаған ортаны тануы көрінеді.

Ғалым Б.Тілеубердиев: «Ғаламның топонимдік бейнесі этностың ғаламды бейнелейтін топонимиялық көріністерінің жиынтығы деп түсінуіміз керек», - дейді

[8,244].


Сонымен бірге Қазақстанның географиялық нысандарға ат қоюдағы тілдік танымдық әрекетін: «Адам қоршаған ортаны, (ландшафт) өзара байланыстыратын жұрнақтың ерекшеліктерін, жер бедерін, мыңдаған географиялық нысандарды түрлі заттар және құралдармен, түр-түс пішінімен, іс-қимылдарымен тағыда басқа көптеген құбылыстармен салыстырып, ұқсатып барып таныған, сол таным процесі барысында атау қойған, номинациялаған», – дейді [8,151].

Бүгінгі қазақ тіл білімі жан-жақты дамыған, тармақталған көп салалы ғылым болып танылып отыр. Қазақ тілі соңғы жылдары тілдік құбылыстар мен тіл деректерін антропоэзектілік, лингвокогнитивтік, этимологиялық, лингвомәдениеттаным, психоллингвистика, функционалдық грамматика және басқа ғылыми ұстанымдар мен бағыттар, қағидалар негізінде зерттеуде. Міне, осы аталған зерттеулер бүгінде геонысандардың аталу, жасалу үрдісіне құрылымдық тұрғыда қарамай, олардың әрқайсысын танымдық тұрғыда зерттеп, номинация, уәждеме теориясы бойынша саралауды қажет етеді.

Сөзжасам – сөздердің, аталымдардың жасалу механизмін, заңдылықтарын, тілдік бірліктерін анықтайтын тіл білімінің саласы. Бұл ретте сөзжасам тіліміздегі жалпы есімдер мен сөздердің жасалуын айқындауда табысты ғылыми ұстанымдар мен қағидаларды дүниеге әкелді. Сөзжасам заңдылықтары арқылы кейбір топонимдердің жасалу үлгісін тануға болады. Тарихи туынды сөздер ретінде және экстралингвистикалық жағдайлар негізінде пайда боған жасанды топонимдер (дара, күрделі құрамда) кешенді зерттеуді қажет ететіндігін байқадық.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Радлов В.В. Фонетика северных тюркских языков. Лейпциг. 1883.
2. Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. -Л.: Наука, 1987.
3. Гузев Ж.М. Семантическая разработка слова в толковых словарях тюркских языков. – Нальчик. - Эльбрус, 1984.
4. Назаров А. Полисемия в туркменском языке: автореф. . канд. филол. наук. – Ашхабад, 1974.
5. Канделаки Т.Л. Семантика и мотивированность терминов. – М.: Наука, 1977.
6. Крыжановская А.В. Сопоставительное исследование терминологии современных русского и украинского языков: Проблемы унификации интеграции. – Киев: Наука, 1985.
7. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Санат, 1994.
8. Сағындықұлы Б. Алт5ын Орда жазба ескерткіштерінің (XIV ғ.) салыстырмалы лексикасы. – Алматы: Ғылым, 2006.



#### **Өмірі өнеге болған азамат ғалым**

**БЕЛБОТАЕВ АЛМАСБЕК БАТАНҰЛЫ**

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық инновациялық институтының доценті,  
А.Иасауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің академиялық профессоры,  
филология ғылымдарының кандидаты.  
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Аннотация:** Профессор Исаев Сейілбек Мұқамеджарұлы еліміздің халық ағарту саласы мен тіл білімі ғылымында әрі танымал ғалым, әрі білікті ұстаз-педагог. Ол

негізінен 20-шы жылдардағы және одан кейінгі жылдардағы қазақ баспасөзі мәселелерін зерттеген.

Мұнда, бір топ еңбектерінде зерттеуші ғалым заманауи тілді зерттеу әдістерінің соны әдіс-тәсілдерінің бірі – лингвистикалық статистиканы да қолданғандығын көреміз. Демек, зерттеуші тілші-ғалым проф. С.М.Исаевты – лингвостатист ғалым деп айтуымызға толық негіз бар.

### УЧУННЫЙ-ТРУДОЛЮБ, ЧЬЯ ЖИЗНЬ БЫЛА ПОЧИТЕЛЬНОЙ

**Аннотация:** Профессор Исаев Сейилбек Мукамеджарович – известный ученый и квалифицированный педагог – педагог в области народного образования и языкознания нашей страны. Изучал языковые проблемы казахской прессы 20-х и последующих лет.

Мы видим, что в группе работ ученого-исследователя использован один из методов современного исследования языка – лингвистическая статистика. Поэтому исследовательский репортер-ученый проф. Есть все основания говорить, что С. М. Исаев – ученый-лингвостатист.

### A CITIZEN SCIENTIST WHOSE LIFE WAS AN EXAMPLE

**Annotation:** Professor Isaev Seyilbek Mukamejarovich is a famous scientist and qualified teacher-teacher in the field of public education and linguistics of our country. He studied the language problems of the Kazakh press of the 20s and subsequent years.

We see that in the group of works of the research scientist, one of the methods of modern language research is used - linguistic statistics. Therefore, research reporter-scientist Prof. There is every reason to say that S. M. Isaev is a linguist.

Қазақ тіл білімінің көрнекті өкілдерінің бірі, белгілі ғалым Сейілбек Мұхамеджарұлы Исаев – тіл білімінің маманы, филология ғылымдарының докторы (1977), профессор (1979), Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі (1995), Қазақстан Республикасы жоғары мектеп академиясының толық мүшесі (1996).

Тілші-ғалым С.М.Исаев Омбы облысы Назыбай ауданының Күреңайғыр ауылында 1938 жылы наурыздың 13-інде дүниеге келеді. Жастайынан жаны зерек Сейілбек ауылдың жетіжылдық мектебін оқып бітіреді. Бұдан соң оны Омбы қаласындағы орыс-қазақ педучилищесінің дайындық бөліміне оқуға береді. Қала өмірі, орыс тілінде жүретін сабақтар шалғай қазақ ауылынан келген болашақ ғалымға ерекше әсер етеді. «Орыс тілін жақсы меңгеруіме ұстаздарымның ықпалы зор болды. Омбыға келгенде мен мүлдем бір ауыз орысша білмейтін едім», - деп еске алады ғалым, сол бір кез туралы. Омбы педучилищесін *бастауыш кластың мұғалімі* мамандығы бойынша үздік бітіріп шығады.

Бұл алған біліміне қанағаттанбаған ол оқуын одан әрі жалғастырмақ болып 1957 жылы сол кездегі қазақ елінің астанасы Алматыдағы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінің қазақ бөліміне оқуға түседі. Бұрыннан журналист болуды армандап жүрген жас жігіт енді Ыбырайым Маманов, Кәкен Аханов секілді ғалым ұстаздарының ықпалымен тіл білімінің қыр-сырын ұғынып, оның құпияларына қаныға бастайды. Сөйтіп жоғары оқу орнында оқып жүріп-ақ студенттердің ғылыми конференцияларында баяндама жасайды, ғылыми жұмыстар жазып, қаламы төселе бастайды. 1960 жылы оның тырнақалды ғылыми мақаласы «Қазақстан мектебі» журналында басылып шығады [1]. Бұл оны бұрынғыдан да бетер ғылымға деген қызығушылығын арттырып, одан әрі қанаттандыра түседі. 3-5 курстарда Ашхабад, Душанбе қалаларында өткен Орта Азия мен Қазақстан университет студенттерінің конференцияларында ғылыми баяндамалар жасап, сол кездегі БЛКЖО ОК-нің, КСРО Жоғарғы және арнаулы орта білім министрліктерінің Құрмет грамоталарына, дипломдарына ие болады.

1962 жылы университетті үздік белгімен бітірген жас маманның ғылымға деген құштарлығы оны Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институтына жетелейді. Мұнда 1968 жылға дейін Қазіргі қазақ тілі теориясы бөлімінде ғылыми қызметкер болып жұмыс істейді, ғылым жолының алғашқы баспалдақтарынан өтіп, тәжірибе жинақтайды: бұл жылдар ғалымның өсуіне, шындалуына, қаламының төселіп ұшталуына, арналы ғылым жолына түсуіне әрі негіз, әрі тұрақ болады. Ал қасиетті қара шаңырақ – ғылым ордасының тигізген ықпалының ерекше болғандығын айтуымыз керек. Осы институтта жұмыс істей жүріп ол түрлі жинақтар құрастыруға, еңбектер түзуге және іргелі еңбектер жазысуға араласа бастайды, ғылыми ізденіспен жазған оннан аса мақалалары газет-журналдарға, жинақ-кітаптарға жарияланады. Сонымен бірге Институт тілші ғалымдарымен бірлесіп дайындаған 1966 жылы шыққан «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» [2], 1967 жылы шыққан іргелі еңбек – екі томдық «Қазақ тілінің академиялық грамматикасы» атты көлемді еңбек авторларының бірі болады [3], [4].

Кітап қазіргі қазақ тіліндегі бірсыпыра сөздердің түп-төркіні жайынан мағлұмат береді. Қазіргі тілімізде жеке алғанда мағынасы түсініксіз немесе тұлғасы о бастағы (не шыққан тілдегі) түрінен өзгеріп кеткен көптеген сөздердің сырын ашады. Сондай-ақ осында жүріп, «1920 жылдардағы баспасөз тілі» деген тақырыпта проф. Т.Р.Қордабаевтың жетекшілігімен филология ғылымдарының кандидаты атағын қорғайды [5].

Ғалым С.М.Исаев өмірінің бұдан кейінгі кезеңдегі еңбегі мен шығармашылығы астанадағы Қазақ қыздар педагогтік институтымен тікелей байланысты болады. Айтсақ, Институт ғалымды қазақ тілі кафедрасына аға оқытушылық қызметіне шақырады. Міне, аға оқытушылықпен табалдырығын аттаған осы институт С.М.Исаевты әрі ғалым, әрі ұстаз ретінде «кемеліне келуіне, әділ басшы, абзал азамат, институт ректорына дейін өсуіне» жол ашты.

Болашақ ұстаздарға дәріс оқи жүріп, 1974 жылы ұстаз-ғалым «Қазақтың мерзімді баспасөз тілінің қалыптасып, дамуы» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғайды [6]. 1975-1987 жылдар аралығында факультет деканы, 1980-1988 жылдары кафедра меңгерушісі бола жүріп, ол қоғамдық жұмысты ұстаздық қызметпен қатар алып жүреді.

1988-1989 жылдары С.М.Исаев Абай атындағы Қазақ педагогика институтында қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарса, 1989 жылдың наурыз айында баламалық негізде Қазақ мемлекеттік қыздар педагогтік институтының ректоры болып сайланады. Мұндағы институт ректорлығына шын мәніндегі ғылым адамының келуі сол кездегі институтта қалыптасқан моральдық-психологиялық ахуалдың жақсара түсуіне зор ықпал етті, әрі бұл – институт оқытушы-профессорлар құрамының өсуіне де, ғылыми-зерттеу жұмыстарының дамуына да, сырттағы аса ірі іргелі ғылым ордаларының (Мәскеу, Санкт-Петербург, Киев, Ташкент т.б.) жоғары оқу орындарымен тығыз қарым-қатынасқа түсіп, олармен ғылыми-шығармашылық байланыс жасасуына да үлкен септігі тиді.

Ол бірінші басшы ретінде ұйымдастырушылық жұмыстарын байыпты түрде жүргізе білді. Өзінің жеке бастамасымен 6 мамандық бойынша аспирантура ашты. Бұл институтты үздік бітірген талантты қыздардың ғылым әлеміне енуіне жасалған үлкен қамқорлық еді. Көптеген жаңа мамандар даярлайтын бөлімдер ашты, факультеттер модернизацияланды, жаңа кафедралар қатары көбейді.

С.М.Исаев – ұйымдастырушылық, педагогтік, қоғамдық қызметті ғылыммен шебер ұштастыра білген үлкен ғалым. Ол бір сәт те ғылымнан қол үзген емес. Оның қаламынан туған 200-ге тарта ғылыми, ғылыми-әдістемелік, ғылыми-көпшілікке арналған еңбектері көтерген мәселелерінің өткірлігімен, сонылығымен ерекшеленеді.

Ұстаз-ғалымның көп айналысқан саласының бірі – қазақ тілінің тарихы мен қазақ әдеби тілі тарихының мәселелері болды. Бұған қатысты «Қазақ әдеби тілінің совет дәуірінде дамуы» (1973), «Қазақ әдеби тілінің даму, қалыптасу кезеңдері» (1976), «Қазақтың мерзімді баспасөз тілінің дамуы» (1983), «Қазақ әдеби тілінің тарихы» (1989, 1996) сынды көлемді зерттеу еңбектері, монографиялары шықты.



Бұлардан басқа ғалым қазақ тілі грамматикасының теориялық мәселелерімен де айналысты. Айталық, бір кездері авторлардың бірі боп жазысқан екі томдық академиялық «Қазақ тілі грамматикасынан» (1967) кейін «Қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар» (1992), «Қазақ тіліндегі сөздердің негізгі грамматикалық сипаты» (1998), серіктес авторлармен бірге жазысқан «Қазақ тіліндегі сөз тіркесінің дамуы мен лексикалану процесі» (1997) сияқты әрі ғылыми, әрі көлемді кітаптары жарық көрді.

\*\*\*

С.М.Исаев – түрлі оқулықтар мен оқу құралдарының да авторы. Мысалы, оның бір топ еңбектері орта мектептен бастап кешкі сменалық мектептерге дейін арналған. Айталық, ғалымның К.Назарғалиевамен бірігіп жазған орта мектептің 6-7 сыныптарына арналған оқулықтары бәйгеде жүлделі орынды иеленіп, қазіргі кезде мектеп оқушылары осы оқулық бойынша білім алуда [7 Исаев С., Назарғалиева К. Қазақ тілі. Орта мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. Төртінші басылымы. – Алматы: «Рауан», 1997. – 192.]. Ал С.Құрманғалиева және З.Қыстаубаевалармен бірлесіп жазған кешкі (сменалық) орта мектептің 9-11 сынып оқушыларына арналған «Қазақ тілі» оқулығы Алматыдағы «Мектеп» баспасынан жарық көрді [8]. «Қазақ тілі» атты екі оқулығы – мектеп оқушыларына, жоғары оқу орнына түскісі келетін талапкерлерге, студенттерге, мұғалімдерге арналады [9], [10].

Ол сондай-ақ жоғары оқу орындарына арнап оқулықтар да жазды. Солардың бірін сөз етсек, ол – «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты» атты еңбегі [11]. Бұны бөлекше бөліп алып сөз етуіміздің себебі, ол – біріншіден, тіл біліміндегі ғылыми және практикалық курстардың басты саласы – грамматикаға арналуы. Мәселен, тілдің грамматикалық құрылысының жүйелері мен оның сан түрлі ерекшеліктерін анықтап, белгілеуде сөздің грамматикалық сипатын толық талдап, анықтаудың мәні зор. Өйткені тілдің грамматикалық құрылысы сөздің грамматикалық сипатына, сол сөздің грамматикалық сипатына негізделген басты грамматикалық ұғымдарға (грамматикалық тұлға, грамматикалық мағына, грамматикалық категория, т.б.) тығыз байланысты.

Екіншіден, өзіндік зерттеу нысаны бар, қазақ тіл біліміндегі «СӨЗЖАСАМ» деп аталынатын жаңа саланың танылған кезінен (Алматы, 1989 [12] ) кейінгі ең алғашқы оқулық ретіндегі ұсынылған тілдік материал осы еңбекте берілді (Қараңыз. Аталған еңбек: 4-бөлім. 236-284 бб.). Үшінші себебі – еңбектің тіл мамандарына, ғалымдарға, тіл ғылымын зерттеуші-ізденушілерге ой салатын салмақты да салиқалы зерттеу жұмысы болғандығы дер едік.

Ұстаз-ғалым еңбектерінде ол жазған оқулық-оқу құралдарын бұлайша тізіп санамалауымыздың да өзіндік себептері бар. Өйткені, оқулық – өмірдің ең басты, ең қажетті көп құндылықтарының бірі. Себебі негізгі мәселе оқулықтың ғылымилығы, тек білім берер біржақтылығы ғана емес, сонымен бірге оның жастар бойында моральдық, адамгершілік, азаматтық және отансүйгіштік қасиеттер мен қалыптардың қалыптасуына жәрдемдесетіндігі.

\*\*\*

Профессор С.М.Исаев – еліміздегі айтулы жоғары оқу орындарының бірі - Қазақ мемлекеттік қыздар педагогтік институтының ректорлық қауырт жұмыстарына қарамастан Қазақстан ғылымындағы іргелі зерттеулерге басшылық жасады. Ол ҚР ҰҒА-ның А.Байтұрсынов атындағы тіл білімі институтының 1997-1999 жылдарға арналған «Қазақ әдеби тілінің академиялық грамматикасының» «Морфология» тарауының жазылуына жетекшілік етті. Сондай-ақ аталған жылдарға жоспарланған «Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі есімдердің сөз өзгерімінің салыстырмалы типологиясы» атты зерттеу тақырыбы орындаушыларының бірі болды.

Ғалым 1995 жылы ҚР ҰҒА-ның корреспондент мүшесі болып сайланды. Ол өзінің еңбектерімен қазақ тіл білімінің, жалпы түркітану саласының дамуына елеулі үлес қосты, іргелі зерттеулердің жүргізілуіне ат салысты. Қазақ әдеби тілінің қалыптасып дамуын, тіл тарихымен қатар қазақ тілі грамматикасының теориялық мәселелерін зерттеп, іргелі

ғылыми жобаларды іске асырды. 200-ге тарта ғылыми, ғылыми-әдістемелік еңбектері бар. 25 монография, оқулық, оқу құралдарын жариялады.

Көрнекті ғалым, іскер басшы, аяулы ұстаз, білікті маман, әрі әріптесіміз Сейілбек Мұхамеджарұлы Исаев бүгінде арамызда жоқ, болғанда 85 жасқа толған болар еді.

Педагог-ғалым, тіл білімінің маманы С.М.Исаев 1999 жылдың 9 маусымында дүниеден өтті.

Ұстаз-ғалым өткен жол, ол жолда – ғылым жолы мен ұстаздық жолында жасалған еңбектің болашақ ұрпаққа берері мол. Қайраткер ғалым еңбегінің кейінгі буын – жас ұрпаққа үлгі-өнеге болары даусыз.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құрышжанов Ә., Исаев С. Етіс туралы бірер сөз // Қазақстан мектебі. – 1960. – № 12. – 55 - 56 бб.
2. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөзігі. Алматы: Қазақ ССР-ның «Ғылым» баспасы, 1966. – 240 бет.
3. Қазақ тілінің грамматикасы, I. Морфология. – Алматы, 1967. – 264 бет.
4. Қазақ тілінің грамматикасы, II. Синтаксис. – Алматы, 1967. – 236 бет.
5. Исаев С.М. Язык периодической печати 1920-х годов. Автореферат дисс... КФН. – Алма-Ата, 1966. – 20 стр.
6. Исаев С.М. Становление и развитие языка казахской периодической печати. Автореферат дисс... ДФН. – Алма-Ата, 1974. – С. 106.
7. Исаев С., Назарғалиева К. Қазақ тілі. Орта мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. Төртінші басылымы. – Алматы: «Рауан», 1997. – 192.
8. Исаев С., Құрманғалиева С., Қыстаубаева З. «Қазақ тілі». Кешкі (сменалық) мектептің IX – XI кластарына арналған оқулық. – Алматы: «Мектеп», 1989. – 160 бет.
9. Исаев С.М. Қазақ тілі. Оқу құралы. – Алматы: «Рауан» баспасы, 1996. – 236 бет. Екінші басылымы.
10. Исаев С.М. Қазақ тілі. Оқу құралы. – Алматы: «Өнер» баспасы, 2007. – 208 бет. Үшінші басылымы.].
11. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы: «Рауан», 1998. – 304 бет.
12. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: «Ғылым», 1989. – 368 бет.



### ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТ: синтагматика, семантика, прагматика

Карибаева А.У. ф.ғ.к. доцент, РАМның корр.мүшесі

Халықаралық деп аталып жүрген терминдер қабаты - тілшілер ғана емес ғалымдар тарапынан терминтаным, халықаралық тіл білімі, интерлингвистика шеңберінде зерттеліп, қазіргі уақытқа дейін олардың әр түрлі белгілері мен өлшемдері көрсетіліп келеді. Дегенмен, бүгінгі күнге дейін осы «халықаралық» деп айдар тағылып жүрген терминдеріміздің нақты шекарасы немесе олардың кірме сөздер қатарындағы орны анықталған жоқ. Лингвосомиотика болса, гректің «таңба, белгі» деген ұғымын беретін сөзінен шыққан термин. Сондықтан, ол хабарды басқаға жеткізе алатын және әр түрлі таңбалық жүйелердің құрылысы мен қызметін зерттейтін тіл білімінің бір саласы.

Сондай-ақ тілдің таңбалық сипатын белгілейтін түркі тілдерінің негізгі ерекшеліктерінің бірі.

Дүние жүзі философтары мен лингвистері бұл мәселеге ертеден назар аударып келеді. Тілдің таңбалық табиғаты - Бодуэн де Куртенең және Фердинанд де Соссюрдің еңбектерінен бастап, тіл білімінде кең көлемде қарастырыла бастады[1]. Тіл дегеніміз идеяларды білдіретін таңбалардың жүйесі. Таңбалар жүйесінің ұғымы - қазіргі замандағы ғылымда кең өріс алғандығын және әртүрлі типтегі таңбалар туралы ғылым екенін аңғартады. «Таңба» термині «семиотика» терминімен синонимдес болып келеді. Ол көп мағыналы сөздер мен терминге әр түрлі мазмұн ендіріп, тілдік элементтердің төрт түрлі қызметін атқарады.

Сондықтан да семиотика – ілімнің әр түрлі салаларының назарын өзіне аударып отырған, жаңа қолданыстардың бірі. Семиотика – негізінен ұғымдардың екі түрлі кешенін құрайды. Олар жалпы семиотикалық заңдылықтар мен зерттелетін нысандардың жалпы семиотикалық бөлшектенуі. Ал, семиотикалық бөлшектеудің үш түрлі аспектісі бар. Олар: *синтагматика*, *семантика*, *прагматика*. Қазіргі кезеңде семиотиканың үш бөлігі былайша қарастырылады. Мәселен, *семантика* - сөздің сөздің мағынасын анықтайды. Сөздің мағынасы сөйлеу арқылы да жеткізіледі, кейде қажетті жерінде таңбалау арқылы да жеткізуге болады. Мәселен, біздің елімізге келген өзге ұлт өкілдерін тілді білмеген жағдайда таңбалар арқылы түсіндіруге болады. Сонымен бірге мылқаулар мен сақауларға, қазақ тілін білмейтін мәңгүрттерге, тілді таңбалау арқылы да түсіндіру қажет болады. Бұл әдіс - тілді білмейтіндерге сурет арқылы түсіндірудің тиімді жолы. Осы әдіс арқылы лингвосемиотикалық терминдерді де халықтың санасына ұқтыруымызға болады. Бұл өз кезегінде халықтың ұлттық жаңғыруына өз ықпалын тигізери сөзсіз. *Прагматика* – сөйлеушілердің пікірін, баға беруін, ниетін білдіреді. Прагматика негізінен гректің «*pragmatos*» сөзінен шыққан, (іс-әрекет) деген ұғымды білдіретін термин. Ғылым саласында *семиотика* мен *лингвистиканың* бір саласы. Лингвистикалық прагматиканың нақты белгіленген шекарасы жоқ, оның қызметіне сөйлеуші мен тыңдаушының арақатынасынан туындайтын мәселелерді кіргізу керек [2]. Мәселен, сөйлеушіге байланысты мынадай мәселелер қарастырылады:

1) айтылудың мақсаты – жасырын не ашық түрде болады. Мысалы, Тараз – Аренада қазақ күресінен халықаралық спорт жарысы өтті. Бұл бір хабардың не пікірдің ашық айтылуы болса, мұның жасырын түрдегі үлгісі таңбалар мен белгілер арқылы беріледі. Мысалы: қазақ күресінің таңбасы, жарыс эмблемасы т.б. көрсетіледі.

2) сөйлеудің тактикасы мен түрлері – Олимпиададағы алғашқы ойындар *жалаң қолмен жүргізілген, кейін қос қолға белдікті орауға көшеді*, - деген сөйлем құрылысындағы сөздер *ойынның тактикасын* білдіреді. Мысалы, «жалаң қолмен жүргізілген» ойын тактикасының лингвосемиотикасы таңбалар арқылы көрсетіледі.

3) әңгіме өткізу ережелері: *бірге қызмет ету жағдайындағы шындықты айту*;

4) сөйлеушінің ниеті немесе айтылған сөздің прагматикалық маңызы, сөздің жанама мағынасы, тұспалдар мен болжамдар;

- 5) сөйлеушінің референциясы, яғни оның ниетіне байланысты болмысты белгілеуі;
- 6) прагматикалық пресуппозициялар, тыңдаушының жалпы біліміне, хабардар болуына, оның ықыласын, көзқарасы мен пікірін, түсіну қабілетін айтушы адамның бағалауы;
- 7) сөйлеушінің айтылып тұрған хабарға көзқарасын хабардың маңыздылығын бағалау;

Осының арқасында тіл арқылы *семиотикалық*, *эстетикалық* анықтама беруге болады. *Синтагматика* - сөйлеуде не тексте жүйелі орналасқан, тіл бірліктерінің арасында пайда болатын қатынастар. Фердинанд де Соссюрдің пікірінше, синтагматикалық және парадигматикалық қатынастар тілдің жүйесін анықтайды.

Терминдердің қолданысында да бір жүйелілік қажет. Өйткені, термин болуы үшін, алдымен сол термин болатын сөздің жүйелі сөз болуы қажет. *Жүйелілік* – термин жасаудағы негізгі бағыт. Терминнің «жүйелілік» ұғымы туралы түркі тілдерінде алғаш рет өткен ғасырдың 80-жылдарының соңында пікір айтқан ғалым, академик Ө.Айтбаев болатын[3].

Ғылыми зерттеу процесінде таңбалық жүйелердің мол тобын қолданудың өрістеуі, қазіргі замандағы ерекшелігі болып саналады. Әр түрлі типтегі *таңбалар жүйесі туралы ғылым – семиотика* соңғы кезде зерттеушілердің назарын өзіне жиі аудара бастады. Оның негізгі мақсаты – таңба мен мағынаны анықтау, таңбалық ситуацияның компоненттерінің анализі, таңбалардың типологиясы т.б.

*Синтагматикалық талдаудың* екі тәсілі бар, оның бірі – валенттілік талдау (көрші тұрған сөздердің қатынасы) болса, ал екіншісі дистрибутивті талдау (ол сөздің өзін зерттеу) болып табылады. Бұл *синтагматика* мен *парадигматика арасындағы қатынас* туралы мәселені Л.Ельмслев тіл білімінде [4]. көтерген.

Халықаралық терминдердің қазақ тіліне ену тарихындағы маңызды бағыттардың бірі – алаш зиялыларының халықаралық терминдерді тіліміздің заңдылықтарына сәйкестендіріп қабылдауы еді. Бұл бір жағынан, таза қазақ тілін қолданушылардың тұрғысынан халықаралық терминдерге деген көзқарастың айқын көрініс тапқан кезеңі болса, екінші жағынан, халықаралық терминдердің саяси-әлеуметтік жағдайларға байланысты қазақ тіліне белсенді түрде ене бастаған *алғашқы кезеңі* болып табылады

*Еуропа кеңістігінде - халықаралық тілдер қызметін көне түркі тілі* атқарған. Орта ғасырларда *Шығыста араб-парсы тілі, Шығыс Еуропада қыпшақ тілі халықаралық тіл дәрежесіне* ие болған.

Әлем тілдерінің дәрежесіне ие болу үшін, белгілі экстралингвистикалық және лингвистикалық факторлардың болуы шарт. Мәселен, саяси, экономикалық, мәдени т. б. ХУІІІ ғасырдан бастап, француз тілі, одан кейін ағылшын, неміс тілдері, ХХғ. орыс тілі әлемдік тілдердің қатарына қосылды.

Халықаралық терминдер – ретінде терминологияда грек, латын элементтері негізге алынған. Ал жеке тіл білімі салаларында терминологиялық сөздіктер жасалған.

Шығыстың ұлы ойшылы Ж.Баласағұни XI ғасырдың өзінде-ақ «Сөз – ойдың көрінісі», - деп жазған болатын[5]. Адам қоршаған ортаны танып - біліп алған, білген, таныған ұғымын сөзбен таңбалайды, атау туғызады дейді.

Жалпы таңба атаулы мен таңбаның айрықша белгісі, оның табиғатының екі жақтылығында. Мысалы, «сайыс» терминінің лингвосемиотикасын айқындайтын болсақ, оның қозғалыс әрекетін көрсету арқылы түсіндіру мен адамзатты, халықты ұғындыруымызға болады. Оның лингвосемиотикалық ұғымын төмендегі көріністен көруімізге болады. Мәселен, «Сайыс» лингвосемиотикасы: Сайыстың негізіне белгіленетін тәртіп бойынша, спорттық суық қарудың бір түрінен жекпе-жек өткізілетін спорт түрі. Бұрынғы кезде б.з.б.мың жыл бұрын Мысыр патшасы Рамзес III кезінде «сайысу» Элладаға тараған. Ежелгі Рим империясында «сайысу» гладиаторлардың бастапқы өнері еді. «Сайыс» этимологиясы: «Сайыс» - неміс тілінен «bechten» сөзінен алынған, мағынасы – сайысу, төбелесу, алысу. Оның тарихы б.з.б. мыңжылдықтарға кетеді. Бірақ, сайыстың спорттағы бұл түрі (рапира, қылыш, семсер) ретінде 1925ж. пайда болған. Мәселен, Император Юлий Цезарь «сайыс өнері» жайында алғаш қалам тартқандардың бірі. Ал, орта ғасырларда испандықтар сайыстың асқан шеберлері болған. Испандықтардан кейін сайыс өнері Француздарға өтіпті. Мәселен, Атақты драматург Мольер өз дәуірінің асқан сайыскері болған және сайысу әдістерін өзінің шығармашылықтарында да насихаттаған адам.

«Сайыс» терминологиясы: Сол себепті *сайыс, рапира, қылыш, семсер, сайысу, сайыскер, жекпе-жек, сайысу әдісі т.б.* аталған терминдердің тілімізде бар-жоғы нақтырақ айтқанда, «халықаралық» деп атаудың дұрыс-бұрыстығы, табиғаты мен талаптары толық ашылғандығы күмән туғызады. Бұл жоғарыда айтып өткен «халықаралық терминдер» деп аталып жүрген сөздердің өлшемдері мен белгілерінің жеткіліксіздігінде, - деген қорытынды жасауға итермелейді. Өйткені, әр ғалым әр түрлі өлшемдерін көрсетуге ұмтылғанмен, олардың «халықаралық» атауына қатысты айқындалуға тиісті өлшемі – ғылыми дәлелдерге мән бермеген.

Мәселен, зерттеушілердің басым көпшілігі халықаралық терминдер туралы пікірлерін айтуда. Кейбір ғалымдар халықаралық терминдер мәселесіне арнайы тоқталып, олардың таралуына байланысты бірнеше аймақтарға бөледі. Егер халықаралық терминдер бүкіл дүние жүзі тілдеріне ортақ екендігі рас болса, ол сөздердің Еуропа тілдеріне ғана емес, басқа да Азия, Африка, Араб, Қытай, Жапон, Үнді, Индонезия тілдеріне де ортақ болулары керек еді.

Халықаралық терминдер деп жүрген сөздерді Шығыс Азия (қытай, жапон, корей, вьетнам) араб, үнді, индонезия халықтарының тілдерінен кездестіре алмайсың. Бұл тұрғыдан алып қарағанымызда, халықаралық терминдер дегеніміз – белгілі бір аймаққа тән ортақ сөздер болып шығады. Тіл аралық қарым - қатынас құралы болып табылатын халықаралық тілдерді зерттейтін тіл білімінің бір саласы - *интерлингвистика*. Ол алғаш рет Р. Декорттың, кейін Г. Лейбництің лингвожобалық теориясы негізінде қалыптасты. Сондай тілдердің бір - біріне тигізетін әсері, ықпалы, халықаралық терминдердің пайда болуы.


Гердердің «Тілдің пайда болуы туралы зерттеулер» (1770) атты еңбегінде тарихи тіл біліміндегі ең алғашқы ғылыми тұрғыдан жазылған шығарма болды. Гердер ілімі

бойынша, тілдің пайда болуы табиғи заңдылықтарға негізделеді. Мәселен, «тіл мәдениетпен тығыз байланыста болады және қоғаммен бірге даму үстінде болады». Сондықтан, тіл – ұлттық рухтың негізгі бөлігі болып табылады дейді[6].

Ойымызды қорытындылай келе айтарымыз, дүние жүзінде үш мың шамасында тіл бар,- деп есептеледі. Дүние жүзіндегі тілдердің санын дәлме-дәл көрсетудің қиындығы мынада: кейбір елдердегі тілдер мен диалектілер жеткілікті дәрежеде зерттелінбеген. Осылай болғандықтан, олардың ішінен қайсысы дербес тілдер екендігін, қайсылары бір тілдің диалектілері екендігін қазірде басып айту мүмкін емес. Демек, дүние жүзі тілдерінің дәл саны олардың барлығы түгел қамтылып, жан-жақты зерттелгенде ғана айқындалады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

- 1.Салқынбай А. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. Алматы:Сөздік Словарь. 2002.
- 2.Карибаева А.У., Тұрғанбаева П.Т. Лингвосемиотика.Тараз, 2024.
- 3.Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының қалыптасуы мен дамуы. Алматы. 1988.
- 4.Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы.-2020.
- 5.Айымбетов М.Қ.Лингвосемиотика.Нөкіс,2014.
- 6.Карибаева А.У. Халықаралық спорт терминдерінің этимологиясы.// ҚазМҰУ хабаршысы.-Алматы.-2006.№4.



**Құрметті профессор-оқытушылар, докторанттар, магистранттар!**

ІТІІ Жаршысы Республикалық ғылыми-көпшілік журналының 2024 жылдың қаңтар-наурыз айында шығатын келесі санына төмендегі ғылыми бағыттарға сәйкес келетін мақалалар қабылданады:

- Жаратылыстану ғылымдары, технология;
- Экономика;
- Педагогика;
- Тарих;
- Құқық;
- Филология.

**Мақаланы жарыққа шығару үшін төмендегідей талаптарға сәйкес болуы қажет:**

1. Мақала өзекті, ғылыми тұрғыдан жаңа және практикалық жағынан маңызды болуы тиіс. Авторлар ғылыми нәтижелердің анықтығы мен маңыздылығына, сондай-ақ жұмыстардың ғылыми мазмұнының өзектілігіне жауап береді. Плагиатқа жол берілмейді.

2. Мақала мәтіні 5-7 парақ көлемінде Times New Roman, кегль - 12, жоларалық 1 интервалмен жазылуы керек.

3. Парақтың параметрі: жоғарғы және төменгі – 20 мм, сол – 30 мм, оң – 15 мм, азат жол – 1 см.

4. Сол жақ жоғары бұрышында міндетті түрде УДҚ (ӨӨЖ) индексі қойылуы тиіс.

5. Бір жолдан кейін ортасынан баяндама тақырыбы БАС ӘРІПТЕРМЕН (қою шрифтпен) жазылуы керек.

6. Баяндама тақырыбы астына, бір жолдан кейін – парақ ортасында жай әріптермен автор (лар) - дың аты-жөні жазылуы керек (қою шрифтпен), академиялық дәрежесі, лауазымы.

7. Тақырыптың астына жұмыс істейтін мекеменің толық аты, мекен-жайы (қою шрифтпен) көрсетіледі.

8. **Түйіндемеде (Резюме)** – үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) мақала авторы қозғап отырған басты идеяның қысқаша мазмұны мен бағыт-бағдары сипатталуы қажет (70-100 сөз). **Түйіндемеде тақырып үш тілде жазылуы тиіс.** Сонымен қатар ұсынылған жұмысқа қатысты **түйін сөздер** берілуі керек.

10. Бір интервалдан кейін мақала мәтіні жазылуы керек.

11. Әдебиеттер тізімі еңбекте көрсетілу тәртібіне қарай мақаланың соңында жазылады. Сілтеме ретінде берілген мәтінде тік жақшаның ішінде әдебиеттер тізіміндегі нөміріне сәйкес нөмірмен көрсетіледі. (Үлгі: Сілтеме [1, с. 11]. Әдебиет 1. Сейітбаев М.С. Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалардың тарихи географиясы А., Ғылым, 1999. – 284 б.).

12. "ІТІІ Жаршысы" журналы жылына 4 рет, яғни 3 айда 1 рет шығады. Журналдың кезекті нөміріне мақала берудің шекті мерзімі-журнал шыққанға дейін 1,5 ай бұрын беріледі.

13. Мақала мақұлданғаннан және журнал нөміріне енгізілгеннен кейін мақала жарияланғаны үшін төлем жүргізіледі. Авторға төлем туралы деректемелері бар хат жіберіледі. Егер төлемді ұйым жүргізсе, бізге шарт жасау үшін ұйымның деректемелерін жіберу қажет. "ІТІІ Жаршысы" журналында мақала жарнасы 3500 теңге

**Ескерту:** Мақаланың мазмұнына автор (лар) жауап береді. Ғылыми-редакциялық алқасы мақаланы жариялау (жарияламау) немесе кейінге қалдыру құқығын өзіне қалдырады. Жарияланбаған мақалалар кері қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды.

Мақала [itii.nauka@mail.ru](mailto:itii.nauka@mail.ru) электронды поштасы арқылы қабылданады немесе ХТИИ «Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру» бөліміне 201 кабинетке (Желтоқсан, 69 «Б») өткізе аласыздар.

Журналда жарияланған мақалалардың стиліне, мазмұнына, грамматикалық қателеріне редакциялық алқа мүшелері жауап бермейді.

Шартты б.т. 6,2. Есепті б.т. 5,8  
Таралымы 40 дана. Тапсырыс № 75

---

ХТИИ баспаханасы,  
080000, Тараз қ, Жамбыл даңғылы, 73А

**Уважаемые преподаватели, докторанты, магистранты!**

В следующем номере Республиканского научно-популярного журнала "Вестник ІТІІ", выходящем в январе-марте 2024 года, принимаются статьи, соответствующие следующим научным направлениям:

- Естественные науки, технологии;
- Экономика;
- Педагогика;
- История;
- Право;
- Филология.

**Для публикации статьи необходимо соответствовать следующим требованиям:**

1. Статья должна быть актуальной, научной и иметь новизну практического значения. Авторы несут ответственность за достоверность и значимость научных результатов, а также актуальность научного содержания работы. Плагиат не допускается.

2. Текст статьи должен быть написан в объеме 5-7 листов Times New Roman, кегль - 12, с межстрочным интервалом 1.

3. Параметр листа: верхний и нижний – 20 мм, левый – 30 мм, правый – 15 мм, абзацный отступ-1 см.

4. В левом верхнем углу обязательно должен быть проставлен индекс УДК (УДК).

5. Через одну строку по центру заголовок доклада должен быть написан прописными буквами (жирным шрифтом).

6. Под заголовком доклада, после одной строки – в центре листа должны быть написаны инициалы автора (ов) простыми буквами (жирным шрифтом), академическая оспененность, должность.

7. Под заголовком указывается полное название, адрес (жирным шрифтом) учреждения, в котором он работает.

8. Резюме (Резюме) – на трех языках (казахский, русский, английский) должно содержать краткое содержание и описание основных идей, затрагиваемых автором статьи (70-100 слов). В резюме тема должна быть изложена на трех языках. Также должны быть даны ключевые слова, относящиеся к предлагаемой работе.

10. Через один интервал должен быть написан текст статьи.

11. Список литературы излагается в конце статьи в зависимости от порядка изложения в труде. В тексте, приведенном в качестве ссылки, в квадратных скобках указывается номер, соответствующий номеру в списке литературы. (Образец: ссылка [1, с. 11]. Литература 1. Сейтбаев М. С. историческая география городов вдоль Великого Шелкового пути А.: наука, 1999. – 284 С.).

12. Журнал «ІТІІ Жаршысы» выходят 4 раза в год, т.е. 1 раз в 3 месяца. Предельный срок подачи статьи в очередной номер журнала – за 1,5 месяца до выхода журнала

13. Оплата производится за публикацию статьи после одобрения статьи и включения в номер журнала. Автору высылается письмо с реквизитами об оплате. Если оплату производит организация, необходимо нам отправить реквизиты организации для составления договора. Стоимость за публикацию одной статьи в журнале «ІТІІ Жаршысы» составляет 3500 тенге.

Примечание: за содержание статьи отвечает автор (ы). Научно-редакционная коллегия оставляет за собой право на публикацию (неразглашение) или отсрочку статьи. Неопубликованные статьи не подлежат отзыву и рецензированию.

Статьи принимаются по электронной почте [itii.nauka@mail.ru](mailto:itii.nauka@mail.ru) или могут быть переданы в МТИИ в отдел «организации научно-исследовательских работ» кабинет 201 (ул. Желтоксан, 69 «Б»).

Члены редакционной коллегии не несут ответственности за стиль, содержание, грамматические ошибки статей, опубликованных в журнале.

Условные п.л. 6,2. расчетные п.л. 5,8

Тираж 40 экз. Заказ № 75

---

Типография МТИИ,  
080000, г. Тараз, проспект Жамбыла, 73А.



**Dear teachers, doctoral students, undergraduates!**

In the next issue of the Republican popular Science magazine "Vestnik ITII", published in January-March 2024, articles corresponding to the following scientific directions are accepted:

- Natural sciences, technologies;
- Economy;
- Pedagogy;
- History;
- Right;
- Philology.

**To publish an article, you must meet the following requirements:**

1. The article should be relevant, scientific and have a novelty of practical significance. The authors are responsible for the reliability and significance of scientific results, as well as the relevance of the scientific content of the work. Plagiarism is not allowed.

2. The text of the article should be written in the volume of 5-7 sheets of Times New Roman, size - 12, with a line spacing of 1.

3. Sheet parameter: upper and lower - 20 mm, left - 30 mm, right - 15 mm, paragraph indentation - 1 cm.

4. The UDC index (UDC) must be affixed in the upper left corner.

5. After one line in the center, the title of the report should be written in capital letters (bold).

6. Under the title of the report, after one line – in the center of the sheet should be written the initials of the author (s) in simple letters (bold), academic degree, position.

7. Under the heading, the full name, address (in bold) of the institution in which he works is indicated.

8. Summary (Summary) - in three languages (Kazakh, Russian, English) should contain a summary and description of the main ideas touched upon by the author of the article (70-100 words). In the summary, the topic should be presented in three languages. Keywords related to the proposed work should also be given.

10. The text of the article should be written after one interval.

11. The list of references is set out at the end of the article, depending on the order of presentation in the work. In the text given as a reference, the number corresponding to the number in the list of references is indicated in square brackets. (Sample: link [1, p. 11]. References 1. Seitbayev M. S. Historical geography of cities along the Great Silk Road A.: nauka, 1999. - 284 p.).

12. The magazine "ITII Zharshysy" is published 4 times a year, i.e. 1 time in 3 months.. The deadline for submitting an article to the next issue of the journal is 1.5 months before the publication of the journal

13. Payment is made for the publication of the article after the approval of the article and inclusion in the issue of the journal. A letter with payment details is sent to the author. If the payment is made by an organization, it is necessary to send us the details of the organization for drawing up the contract. The cost for the publication of one article in the journal "ITII Zharshysy" is 3500 tenge.

Note: the author(s) is responsible for the content of the article. The Scientific Editorial Board reserves the right to publish (non-disclosure) or postpone the article. Unpublished articles are not subject to review and review.

Articles are accepted by e-mail [itii.nauka@mail.ru](mailto:itii.nauka@mail.ru) or they can be transferred to the ITII to the department of "organization of scientific research" office 201 (Zheltoksan str., 69 "B").

Members of the editorial board are not responsible for the style, content, grammatical errors of articles published in the journal.

Conditional p. L. 6,2. calculated P. L. 5,8

Edition of 40 copies . Order No. 17

---

Printing house of ITII,  
080000, Taraz, Zhambyl Avenue, 73A.